



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА МЕМЛЕКЕТИМІЗДІҢ АЛДАҒЫ МЕРЗІМДЕГІ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ АЙҚЫНДАЛЫП, ІШКІ, СЫРТҚЫ САЯСАТ ПЕН ЭКОНОМИКАДАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ БЕЛГІЛЕНДІ.

№103-104
(4073)

Бейсенбі
3 қыркүйек
2020 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Құрметті отандастар!
Құрметті Парламент
палаталарының
төрағалары, депутаттар,
Үкімет мүшелері!

Парламенттің кезекті сессиясының жұмысы күрделі кезеңде басталып отыр.

Елімізде жер-жаһанға зор қауіп төндірген пандемияға қарсы күрес әлі де жалғасуда. Біз азаматтардың өмірін және денсаулығын қорғау үшін бар күш-жігерімізді біріктірдік. Осындай сын сағатта ынтымағы жарасқан халқымыз жұдырықтай жұмылды.

Індетпен күрес дана халқымызға тән асыл қасиеттердің арқасында жүзеге асты. Өзгеге қол ұшын созып, тілеулес болу, тосыннан келген кеселге қарсы тұру маңызды екені анық байқалды.

Дәрігерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, еріктілерге, кәсіпкерлерге және осындай шақта бей-жай қалмаған барша азаматтарға шын жүректен алғыс айтамын. Сіздер айрықша табандылықтың және зор жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсеттіңіздер.

Бұл Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктің көрінісі деп санаймын.

Қазіргі күрделі жағдайда алдымызда тұрған басты міндет – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтап қалу.

Дағдарысқа қарсы жедел шаралардың екі топтамасы қабылданды. Уақытша табыссыз қалған 4,5 миллионнан астам азаматымыз 42 500 теңге мөлшерінде көмек алды. Бұған 450 миллиард теңгеден астам қаражат жұмсалды. Осындай жәрдем көршілес елдерде, тіпті, басқа ірі мемлекеттерде берілген жоқ.

Миллионнан астам адамға азық-түлік және тұрмыстық заттар қоржыны берілді. Елбасы – «Nur Otan» партиясы төрағасының бастамасымен 550 мыңнан аса отбасы «Біргеміз» қорының қолдауымен бір жолғы қаржылай көмекке ие болды.

Пандемия барлық мемлекеттер үшін сынақ кезеңіне айналды. Олар індетпен күрес жолында көп қиындықты бастан өткеруде. Бір жерде ахуал тұрақтанса, екіншісінде вирустың жаңа ошақтары пайда болуда.

Үкімет жіберілген қателіктерден сабақ алып, жұмысты жедел жолға қоя білді. Ең бастысы – біз



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Қазақстан халқына Жолдауы

ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЬІЛ КЕЗЕҢІ

азаматтардан ешнәрсені жасырмай, індетпен қайтыс болғандар туралы ақпараттың барлығын ашық жарияладық. Қаншалықты ашық болса да, шындықты айтып отырмыз. Бұл – кейбір мемлекеттерге қарағанда Қазақстанның ұтымды тұсы.

Алайда, ахуалдың жақсаруы босануға себеп болмауға тиіс. Күрес әлі жалғасуда. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамы бойынша пандемияны жеңу үшін кем дегенде 2 жыл қажет. Алдағы айларда күш-жігерімізді барынша жұмылдыра жұмыс

істейтін боламыз. Осыған дайын болуымыз керек. Мәселе туындаған кезде ғана шұғыл қимылдамай, алдын ала шаралар қабылдап, барлығын жан-жақты ойластырып жұмыс істеуіміз керек. Барлық шешімдер мұқият тексерілген болжамдарға негізделуге тиіс.

Үкімет нақты шектеулер мен бейімді карантин әдісін енгізуде. Пандемиямен күрес жөнінде кешенді бағдарлама әзірленеді.

Мемлекет тарапынан әлеуметтік саладағы және экономиканы қолдауға бағытталған барлық міндеттемелер орындалатын болады. Бұл мақсатқа Ұлттық қордан 1 триллион теңге бөлінуде. Әлеуметтік төлемдерді индексациялау жұмысы жалғасын табады. Осы бағытта 2023 жылға дейін шамамен 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр.

Біз қазіргі қиындықты міндетті түрде еңсереміз. Дегенмен, еліміздің жаңа геосаяси ахуалдағы ұзақ мерзімді дамуын естен шығармауымыз керек.

Қазір әлем соңғы 100 жыл ішінде болмаған аса күрделі дағдарысты бастан өткеруде. Сарапшылардың айтуынша, жаһандық экономиканы қайта қалпына келтіру үшін кемінде 5 жылға дейін уақыт қажет.

Дей тұрғанмен, болашақта көш бастайтын мемлекеттердің бәсекеге түсу қабілеті дәл осындай дағдарыстар мен іргелі өзгерістер кезінде шыңдалады. Қазақстан жаңа әлемде өзінің лайықты орнын алуға тиіс.

Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында экономиканың дамуы үшін берік негіз қаланды, әлемдік аренада абырой-беделге ие болдық.

Сондықтан, әлемнің жаңа болмыс-бітімі қалыптасып жатқан шақта біз реформаларға тың серпін беруіміз керек. Бұл бағытта Ұлт жоспарын және Бес институционалдық реформаны негізгі бағдар етіп ұстануымыз қажет.

Біз азаматтарымыздың лайықты өмір сүруіне жағдай жасауға, олардың құқықтарын қорғауға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге міндеттіміз.

Ендеше, іс-қимыл жоспары қандай болмақ?

I. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ

Бұл саладағы реформаларды жүйелі түрде жүзеге асыру қажет.

Ең алдымен, мемлекеттік басқаруға, кадр саясатына, шешім қабылдау жүйесіне және оларды орындау жауапкершілігіне деген көзқарасты өзгертуден бастауымыз керек.

(Жалғасы 2-8-беттерде)

■ БІЛІМ

11-БЕТТЕ

■ ҚАЛА МЕН САЛА

12-БЕТТЕ

■ ШАРТАРАП

13-БЕТТЕ



ЕЛОРДАДА
ОН ЕКІ МЕКТЕП
САЛЫНАДЫ



БАС ҚАЛА ҚАЛАЙ
ЦИФРЛАНЫП
ЖАТЫР?



БІЛІМ КҮНІН
МАСКАМЕН
ҚАРСЫ АЛДЫ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 499.5 \$ USD/KZT 420.5 ₺ RUB/KZT 5.67 ¥ CNY/KZT 59.5

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Пандемия және дағдарыс жағдайында мемлекеттік басқару жүйесі бар күш-жігерін жұмылдырып жұмыс істеуде. Жедел шешімдер қабылдау айтарлықтай уақыт пен қаражатты талап етеді. Бірақ, алдағы жоспарларды назардан тыс қалдырмауымыз қажет. Сондықтан, мен тікелей Президентке бағынышты болатын Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігін құру туралы шешім қабылдадым.

Бұрын мұндай орган болды және өз жұмысын ойдағыдай атқарды. Енді осы агенттік қайтадан тұтас мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізгі орталығына айналады. Агенттік ұсынған реформалар нақты, іске асатын және, ең бастысы, барлық мемлекеттік органдар үшін орындауға міндетті болуға тиіс.

Реформалар жөніндегі жоғары президенттік кеңес құрылады. Бұл кеңестің шешімдері түпкілікті болады. Тез өзгеріп жатқан ахуалға шынайы баға беру үшін Статистика комитеті Агенттік құрамына беріледі.

Дәстүрге сай, мемлекеттік жоспарлау жүйесінде жоспарлау, орындау және бағалау қызметінің негізінен мемлекеттік аппарат атқарады. Бұл – дұрыс емес.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі адам ресурстарын барынша жұмылдыруға тиіс, яғни жеке сектор мен қоғам өкілдерін толыққанды серіктестер ретінде жұмыстың барлық кезеңіне – жоспарлауға, орындауға және бағалауға тартуы керек.

Сан алуан көрсеткіштер мен индикаторлардан тұратын мемлекеттік бағдарламалар әзірлеуді тоқтату қажет. Барша азаматқа түсінікті, қысқа әрі нұсқа ұлттық жобалар форматына көшкен жөн. Негізгі мақсат – жұмыстың барысы емес, нәтижесі болуға тиіс.

Осындай түбегейлі реформаны жүргізу үшін мемлекеттік аппараттың қызметін қайта қарау керек. Бұл мәселе бойынша реформаларды жоспарлау мен жүзеге асырудың үйлесімділігі аса маңызды.

Мемлекеттік қызмет жүйесін ретке келтіріп, қайта құру керек. Пандемия кезінде мемлекеттік қызметшілердің басым бөлігінің қашықтан жұмыс істеу режиміне көшуі мемлекеттік аппаратты қысқарту керектігін және бұған толық мүмкіндік бар екенін көрсетті.

Мемлекеттік аппарат және квази-мемлекеттік сектор қызметкерлерін қысқарту мерзімін жеделдетуді тапсырамын. Биыл олардың санын 10 пайызға, ал келесі жылы 15 пайызға қысқартқан жөн. Осылайша, біз 2021 жылы шенеуніктердің санын 25 пайызға қысқарту мәселесін шешетін боламыз. Соның нәтижесінде және цифрландыру үдерісін ескере отырып, одан әрі қысқарту туралы шешім қабылдаймыз.

Үнемделген қаражаттың есебінен қалған қызметкерлердің жа-лақысын көбейтетін боламыз. Еңбекақысы аз мемлекеттік қызметтің қоғам үшін пайдасынан зияны көп. Бұл мәселеге жете назар аудармау кері кетуге, біліктілік пен бастамашылдықтан айырылуға, сондай-ақ, ең сорақысы, жемқорлыққа әкеп соқтырады. Сондықтан, 2021 жылғы 1 шілдеден бастап баллды-факторлық жүйе енгізілуі тиіс. Мұндай жоба мемлекеттік қызметшілердің құлшынысын арттырып, жауапкершілігін нығайта түседі.

Бізге жаңа кадрлар, яғни кәсіби білікті, озық ойлы және бастамашыл мамандар аса қажет. Мемлекеттік қызмет қол жетпейтін жабық қастаға айналмауға тиіс.

Сонымен қатар, кәсіби және этикалық нормалардың құлдырауына жол бермей, сабақтастық пен институционалдық дәстүрдің сақталуын қамтамасыз ету маңызды. Осы тұста жауапты хатшылар институтына арнайы тоқталғым келеді.

Бұл институтты енгізген кезінде жауапты хатшылардың жиі ауыспай жұмыс істеуі министрлерді әкімшілік-кадрлық жұмыстардан босатып, аппараттың тұрақтылығын қамтамасыз етеді деген ой болған. Алайда, іс жүзінде олай болмай шықты. Тіпті, министрлер мен жауапты хатшылардың арасында түсініспеушілік туындап жатады. Мұның салдары ортақ жұмысқа зиянын тигізеді.

Негізгі жауапкершілік бір адамға, яғни Президент тағайындайтын ми-

нистрге жүктелуге тиіс. Сондықтан, жауапты хатшылар институтын жойып, олардың міндеттерін министрліктің аппарат басшыларына жүктеген жөн.

Бұл ұсыныстарды жүзеге асыру үшін осы жылдың соңына дейін мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға тиісті түзетулер енгізуді тапсырамын.

Норма шығару мәселесін де қайта қарау қажет.

Карантин кезінде құқықтық жүйенің қасандығы қолбайлау болып, жұмысты қатты тежегені жасырын емес. Сол себепті, төтенше жағдай режимін енгізіп, «Төтенше жарлық» шығаруға тура келді.

Бірақ, мұндай шаралар дағдарыс жағдайында мәселені түбегейлі шешпейді.

Негізгі проблема атқарушы биліктің әр қадамының заңмен шектеліп, адымының ашылмауында болып отыр. Біз министрлер мен әкімдерге зор талап қоямыз, бірақ олардың өкілеттіктері заңдар мен қаулылардың нақты нормаларының аясында шектеледі. Бұл жағдай мемлекеттік аппараттың ғана емес, Парламенттің де жұмысын қиындатады. Парламент палаталары атқарушы органдардың құзыретіне беруге болатын егжей-тегжейлі баяндалатын нормаларды да қарастыруға мәжбүр болып отыр.

Алмағайып дүниеде жедел шешім қабылдай алмау ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан, Құқықтық саясат тұжырымдамасы аясында заңнаманы өзгерту арқылы құқықтық

регламенттеу деңгейлерінің арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету керек. Мұны кейінге қалдыруға болмайды.

Тағы бір маңызды міндет – квазимемлекеттік компанияларды корпоративтік басқару ісін жақсарту мәселесін шешу.

Елімізде ондаған ұлттық компания және он мыңдаған мемлекеттік кәсіпорын бар. Бұл ретте, ірі квазимемлекеттік мекемелер акционерлік қоғам ретінде жұмыс жүргізеді, яғни олардың мақсаты – пайда табу. Егер мемлекеттік қызметтердің бір бөлігі оларға берілсе, мұндай компаниялардың жұмысы азаматтарға және экономикаға нақты қызмет көрсетуге арналып, қосымша сипатқа ие болуға тиіс.

Көптеген акционерлік қоғамда қалыпты түсініктер ауысып кеткен. Корпоративтік басқару қосымша бюрократиялық рәсімге айналып отыр.

Тұтас квазимемлекеттік секторды реформалау ісін жалғастыру қажет. Кейбір шешімдер бүгін жарияланады, ал қалған мәселелер бойынша Үкімет маған ұсыныс береді.

II. ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

Ұзаққа созылған мұнай дәуірі аяқталған сияқты. Әлемдік нарықтың мүлде жаңа ахуалына дайын болу керек.

Әртараптандырылған және технологияға негізделген экономика құру – жәй қажеттілік ғана емес. Біз үшін бұдан басқа жол жоқ.

Сонымен қатар, экономика халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталуы керек. Ұлттық табыстың өсімінен түсетін игіліктерді әділ бөлу, тиімді әлеуметтік «лифттерді» орнықтыру жөніндегі қоғамның өткір талабы міндетті түрде орындалуға тиіс.

Сондықтан еліміздің жаңа экономикалық бағдары басты жеті қағидатқа негізделуі керек:

1. Игіліктер мен міндеттердің әділ бөлінісі.
 2. Жеке кәсіпкерліктің жетекші рөлі.
 3. Әділ бәсекелестік, кәсіпкерлердің жаңа буыны үшін нарық ашу.
 4. Өнімділікті көбейту, экономиканың ауқымдылығын және технологиялық сипатын арттыру.
 5. Адами капиталды дамыту, жаңа үлгідегі білім саласына инвестиция тарту.
 6. «Жасыл» экономиканы дамыту, қоршаған ортаны қорғау.
 7. Мемлекет тарапынан дәйекті шешімдер қабылдау және сол үшін қоғам алдында жауапты болу.
- Бұл ретте біз бәсекеге қабілетті-гімізді көрсететін артықшылығымызға және нақты мүмкіндіктерімізге сүйенуіміз керек.

Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндет – өнеркәсіптік әлеуетімізді толық пайдалану. Осы саладағы табыстарымызға қарамастан, ішкі нарықтың зор мүмкіндіктерін әлі де болса толыққанды жүзеге асыра алмай келеміз. Өңделген тауарлардың үштен екісіне жуығы шетелден әкелінеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒЫТТЫҢ 7 ҚАҒИДАТЫ

Бұл ретте біз бәсекеге қабілеттігімізді көрсететін артықшылығымызға және нақты мүмкіндіктерімізге сүйенуіміз керек.

- » Игіліктер мен міндеттердің әділ бөлінісі.
- » Жеке кәсіпкерліктің жетекші рөлі.
- » Әділ бәсекелестік, кәсіпкерлердің жаңа буыны үшін нарық ашу.
- » Өнімділікті көбейту, экономиканың ауқымдылығын және технологиялық сипатын арттыру.
- » Адами капиталды дамыту, жаңа үлгідегі білім саласына инвестиция тарту.
- » «Жасыл» экономиканы дамыту, қоршаған ортаны қорғау.
- » Мемлекет тарапынан дәйекті шешімдер қабылдау және сол үшін қоғам алдында жауапты болу.



Ұлттық экономиканың стратегиялық қуатын арттыру үшін тез арада қайта өңдеу ісінің жаңа салаларын дамыту қажет. Бұл қара және түсті металлургия, мұнай химиясы, көлік құрастыру және машина жасау, құрылыс материалдары мен азық-түлік өндіру және басқа да салаларды қамтиды.

Сапалық тұрғыдан мүлде жаңа ұлттық индустрияны дамыту үшін жаңғыртылған заңнамалық негіз қажет.

Өнеркәсіпті реттеу және оған қолдау көрсету мәселелері түрлі заңнамалық актілерде көрініс тапқан. Бірақ, ортақ мақсат көрсетілмеген, жүзеге асырылатын саясат пен шаралардың арасында өзара байланыс жоқ.

Сондай-ақ, жекелеген секторларды немесе салаларды реттейтін көптеген заң бар.

Мысалы, «Электр энергетикасы туралы» заң, «Көлік туралы» заң.

Өңдеу өнеркәсібін дамытудың қағидағтарын, мақсаттары мен міндеттерін белгілейтін «Өнеркәсіп саясаты туралы» бірізді заң жыл соңына дейін әзірленуге тиіс.

Өнеркәсіпке қолдау көрсетудің нақты шараларын да жетілдіру керек. Бізде жүйелі әрі біртұтас ұстаным жоқ. Соның салдарынан сансыз көп жобаға қаражатты ысырап етіп отырмыз.

Әрине, өнеркәсіпке қолдау көрсетудің кең көлемді қамтитын ауқымды шараларын сақтап қаламыз. Сонымен бірге, Үкімет стратегиялық тұрғыдан маңызды өндірістерді, негізгі экспорттық басымдықтарды айқындап, қолдау шараларының аясын кеңейту керек.

Стратегиялық жобалар үшін заттай грантты, қаржыландыру жеңілдігін, жекелей кепілдікті, экспорттық қолдау тәсілдерін топтап ұсыну жолын қарастыру керек. Инвесторлардың қаржылық шығынының бір бөлігін салық төлеуден босату арқылы өтеуге болады.

Мемлекеттік, квазимемлекеттік секторлар және жер қойнауын пайдаланушылар үшін кепілді сатып алу талабын қарастыру қажет. Ең басты нәрсе – жобаның жүзеге асырылатын бүкіл кезеңінде заңнамалық шарттардың тұрақты болуы.

Әрине, тек бұл шаралармен ғана шектелмейміз. Нақты қолдау деңгейі жобаға салынған қаражаттың көлеміне және оның басымдығына байланысты болады.

Мемлекет пен инвесторлар арасындағы уағдаластықтарды бекіту үшін стратегиялық инвестициялық келісім жасалады. Бұл – жаңа тәсіл.

Осы бастаманы жыл соңына дейін экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі заң жобасы аясында жүзеге асырған жөн. Үкімет стратегиялық келісімдерге енетін жобалардың топтамасын 2021 жылдың сәуір айына дейін әзірлейді.

Өңдеуші кәсіпорындардың отандық шикізатқа қолайлы бағамен толық қол жеткізу мәселесі де жүйелі түрде шешілуге тиіс.

Үкіметке жыл соңына дейін еліміздің өңдеуші өндіріс орындарын шикізатпен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін реттеу тәсілдерін әзірлеуді тапсырамын.

Өнеркәсіптің дамуына реттелетін сатып алу жүйесі тікелей әсер етеді. Оның көлемі 15 триллион теңгеге жуық немесе жалпы ішкі өнімнің бестен бір бөлігін құрайды. Үкімет пен әкімдердің міндеті – осы әлеуетті барынша пайдалану.

Менің тапсырмам бойынша, мемлекеттік органдардың сатып алу жүйесін жақсарту түсетін жаңа заң қабылданды. Бірақ ұлттық компаниялардың сатып алу жүйесі әлі де болса ашық емес және оған қатардағы кәсіпкерлердің қолы жете бермейді.

Жыл соңына дейін квазимемлекеттік сектордың барлық сатып алу жұмыстарын реттейтін біртұтас заң қабылдауды тапсырамын. Реттелетін барлық сатып алулар

барынша ашық және «Бір терезе» арқылы ғана жүзеге асырылуға тиіс.

Егер тиісті құқық қолдану тәжірибесі болмаса, заңнаманы жетілдіргеннен ешқандай пайда жоқ.

Шетелдің арзан әрі сапасыз тауарлары отандық өнім ретінде ұсынылып, сатып алу конкурстарында жеңіп шығатын кездері жиі болып тұрады. Отандық өнім өндірушілердің тізімі де, индустриалды сертификаттар да жалған өндірушілерге нақты тосқауыл қоя алмай отыр.

Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жыл соңына дейін Қазақстанның қамту үлесін арттыру үшін нақты ұсыныстар әзірлейді.

Осы салаға қатысты ортақ міндет – өңдеу өнеркәсібінің өндірісін бес жыл ішінде кем дегенде 1,5 есе арттыру.

Алайда, бір ғана өнеркәсіп саясатының арқылы индустриаландыру ісін айтарлықтай ілгерілетуге қол жеткізе алмаймыз. Ақша-несие, салық және басқа да негізгі салалардағы саясаттың нақты сектор сұранысынан алшақтап кетпеуінің маңызы зор. Бұған әлі толығырақ тоқталамын.

Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес.

Бұл салада шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелер бар. Атап айтқанда, жұрттың жерге қол жеткізе алмауы, ұзақ мерзімге берілетін «арзан несие» болмауы, кәсіби мамандардың тапшылығы.

Өнімділікті арттырып, шикізат өндірумен ғана шектелмеу үшін, сондай-ақ қойма және көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында шұғыл шаралар қабылдау керек.

Елімізде ет, жеміс-жидек, көкөніс, қант, бидай, майлы дақылдар, сүт өнімдерін өндіру және өңдеу үшін 7 ірі экожүйе қалыптастыруға болады. Балық шаруашылығына да ерекше мән берген жөн. Қосым-

ша құн қалыптастырудың өзегі саналатын ірі жобалар маңызды рөл атқаруға тиіс.

Вертикальді кооперация аясында жеке қосалқы шаруашылықтың әлеуетін пайдаланған абзал. Жеке шаруашылық миллиондаған ауыл тұрғындарына табыс табуға мүмкіндік бере алады. Оларды өңірлік азық-түлік хабтарын құруға жұмылдыру керек.

Біз горизонтальді кооперацияның әлеуетін де естен шығармауымыз қажет. Онсыз агроөнеркәсіп кешенінде қарқынды даму болмайды. Басы бірікпеген жеке қосалқы шаруашылықтар, шын мәнінде, өлместің күнін көріп отыр. Бұл ретте, сапалы әрі мол өнім өндіру, үздіксіз тауар жеткізу туралы сөз қозғаудың өзі орынсыз. Бәсекеге қабілетсіздік пен импорттан арыла алмай отыруымыздың себебі де осында.

Кооперация кезінде жер және басқа да мүлікке қатысты барлық құқықтар сақталады. Кооперация шаруашылықтарға шикізат сатып алу, өнім өндіру және оны сатуды ұйымдастыру барысында күш жұмылдыруға мүмкіндік береді. Ауыл еңбеккерлерінің ауыр жұмысы тым арзан бағаланады. Бұл – жасырын емес. Табыстың басым бөлігіне алыпсатарлар кенеліп жатады. Сондықтан, субсидия және салық жеңілдіктерін беру бағдарламалары аясында ауылдық жерлердегі кооперацияны ынталандыру үшін тиісті шаралар топтамасын әзірлеу қажет.

Тағы бір маңызды мәселе. Келесі жылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мәселесі бойынша Жер кодексінің кейбір нормаларына қатысты енгізілген мораторий күшін жояды.

Жеріміз шетелдіктерге сатылмайды. Бірақ, Үкімет ауыл шаруашылығы жерлерін толыққанды экономикалық айналымға енгізудің өзге әдіс-тәсілдерін әзірлеуге тиіс. Аграрлық секторға инвестиция тарту ауадай қажет.

Кәсіби мамандардың тапшылығы, сондай-ақ аграрлық ғылымның ойдағыдай дамымауы – бұл саладағы қордаланған мәселелер. Осы бағытта атқарушы билік тарапынан нақты шаралар қабылдануы керек.

Технологиялық тұрғыдан ескірген суару жүйесі үлкен кедергі келтіріп отыр. Судың 40 пайызы далаға кетіп жататын кездері болады. Онсыз да су тапшылығының зардабын тартып отырған еліміз бұған жол бере алмайды. Осы саланың нормативтік-құқықтық тұрғыдан реттелуін қамтамасыз етіп, заманауи технологиялар мен инновацияны енгізу үшін экономикалық ынталандыру шараларын әзірлеу қажет.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі қолданыстағы мемлекеттік бағдарлама келесі жылы аяқталады. Үкіметке бизнес өкілдерімен бірлесіп, Агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі жаңа ұлттық жобаны әзірлеуге кірісуді тапсырамын.

Негізгі міндеттеріміз:
– әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен өзімізді толық қамтамасыз ету;
– миллиондаған ауыл тұрғындарының табысын арттыру;
– еңбек өнімділігін екі жарым есе көбейту;
– агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспортын екі есе арттыру.

Өзекті мәселенің бірі – көлік-логистика кешенін дамыту.

«Нұрлы жол» бағдарламасының бірінші кезеңі табысты жүзеге асырылды. Соның арқасында елордамызды өңірлермен «тармақтану» қағидаты бойынша байланыстыруға мүмкіндік туды. Көлік жүйесінің жаңа инфрақұрылымдық ұстыны қалыптасты. Еліміздің жаһандық көлік дәліздерімен интеграциялануы қамтамасыз етіліп, Азия мен Еуропаны байланыстырған Қазақстанның тарихи мәртебесі қалпына келтірілді.

ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН:

Дегенмен, бұл саладағы бәсеке-лестік өте күшті. Орталық Азия өңірінде пайда болған баламалы жобалар Қазақстанның көлік әлеуетін төмендетуі мүмкін.

Сол себептен «Нұрлы жол» бағдарламасының екінші кезеңі еліміздің көлік-транзит секторының жетекші рөлін бекемдеуге арналуы керек.

Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі тың инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, жаңа мемлекеттер мен компанияларды тарту, қызмет көрсету сапасын жақсарту және транзиттік бағдарлардағы жылдамдықты арттыру есебінен өсуге тиіс.

Алдымызда тұрған міндет – 2025 жылға дейін 24 мың шақырым жолды, яғни республикалық маңызы бар жолдардың бәрін, қайта жөндеп, жол бойындағы қызмет көрсетумен қамтамасыз ету.

Шағын және орта бизнес күрделі кезеңді бастан өткеруде. Шын мәнінде, пандемияның зардабы осы салаға ауыр тиді.

Экономиканың шеккен зардабын еңсеру үшін 700 мыңнан астам кәсіпкерге салық жеңілдіктері берілді. Төлем мерзімі кейінге шегерілді, несиені жеңілдікпен қайта қаржыландыру мүмкіндігі ұсынылды. Бірақ, ахуал әлі де болса күрделі.

Шағын және орта бизнеске қосымша көмек ретінде экономиканың зардап шеккен салаларындағы кәсіпкерлердің қазіргі барлық несиелерінің 6 пайызға дейінгі жылдық мөлшерлемесі бойынша мемлекеттік субсидия беруді тапсырамын. Субсидиялау Төтенше жағдай жарияланған сәттен, яғни биылғы 16 наурыздан бастап 12 айлық кезеңді қамтиды.

Ұлттық банк көбірек зардап шеккен секторлардағы шағын және орта бизнестің айналым қаражатын көбейту үшін арнаулы бағдарламаны жүзеге асыруда. Бұған дейін бұл бағдарлама биыл аяқталады деп жоспарланған еді.

Қазіргі күрделі ахуалға байланысты аталған бағдарламаны жүзеге асыру мерзімін 2021 жылдың соңына дейін ұзартуды және оның аясын кеңейтуді тапсырамын. Осыған орай қосымша 200 миллиард теңге бөлу қажет. Сол арқылы бағдарламаның жалпы құнын 800 миллиард теңгеге дейін жеткіземіз.

Сондай-ақ, мемлекеттік органдар мен квази-мемлекеттік секторға тиесілі жылжымайтын мүлік нысандарын жалға алып отырған шағын орта бизнес өкілдерін жыл соңына дейін жалдау ақысын төлеуден босатуды тапсырамын.

Қазіргідей жағдайда жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтау – басты басымдық. Сондықтан осы кезеңде көбірек зардап шеккен салалардағы шағын және орта бизнес өкілдерінің еңбекақы қорына түсетін ауыртпалықты жеңілдету маңызды болып отыр. Бизнестің осы санаты бойынша еңбекақыдан бюджеттік емес қорларға аударылатын төлемдерді жыл соңына дейін тоқтатуды тапсырамын.

Келесі мәселе – бизнес ахуалы. Бұл саланы реформалау керек. Өйткені реттеу жүйесі әлі де болса қолайсыз, тіпті жазалаушы сипатынан арыла алмай отыр.



Реттеушілік саясаттың негізгі қағидаттарын өзгерту қажет. Мемлекеттік реттеуге азаматтардың денсаулығын және экологияны қорғау үшін ғана жол беріледі.

Заң бойынша да, тәжірибе жүзінде де нақты болмыстың қасаң формадан артықшылығы бар екенін, ақыл-ой мен мән-мазмұнның қатаң заң нормаларынан басым түсу мүмкіндігін ескерген жөн. Тексеру жүргізуге тыйым салған үш жылдық мораторий осындай реттеу жүйесін жаңадан енгізуге жол ашады.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлық мейлінше жиі туындайтын сәулет-құрылыс қызметі, санитарлық эпидемиологиялық қадағалау, ветеринария, сертификаттау және басқа да салалардан бастау керек. Шағын және орта бизнестің қызметін реттейтін жаңа нормативтік-құқықтық базаны келесі жылы әзірлеуді тапсырамын.

Қайталап айтамын: мемлекеттік құрылымдардың кәсіпкерлік қызметке кез-келген заңсыз араласуы, бизнесмендердің жұмысына кедергі келтіру мемлекетке қарсы жасалған ауыр қылмыс ретінде бағалануы керек. Кәсіпкерлер шенеуніктер тарапынан заңсыз қысым көрсе, бірден прокуратура органдарына жүгінгені жөн.

Кәсіпкерлікке қолдау көрсеткенде орта бизнеске де ерекше назар аудару керек. Өйткені нарықта табысты болудың негізгі көрсет-

кіші орта бизнестің өркендеуімен өлшенеді. Мұндай компаниялар ішкі нарыққа ғана емес, сыртқы нарыққа да бейімделуге тиіс. Олардың экспорттық әлеуетін арттыру үшін қолдауды күшейту керек.

Үкіметке шикізаттық емес орта кәсіпорындарға арналған экспорттық акселерация бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырамын. Бұл идеядан нәтижеге дейін мақсатты түрде қолдау көрсету үшін қажет.

Шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 2025 жылға қарай 35 пайызға дейін, ал жұмыспен қамтылғандардың саны 4 миллион адамға дейін көбеюі керек. Бұл осы саланы дамытуға бағытталған жұмыстардың басты нәтижесі болмақ.

Жұмысымыздың табысты болуына жол ашатын маңызды фактор – «өзектес» мемлекеттік саясаттарды қайта құру.

Ақша-несие саясатын қайта қараған жөн. Біз ұлттық және халықаралық инвесторлардың теңгеге сенімсіздік білдіретінін көріп отырмыз.

Экономиканы әртарапандыру ісінің жеткіліксіздігі және бағамның тым құбылмалылығы шетелден инвестиция тартуға кедергі келтіріп отыр. Бұл, әсіресе, шикізаттық емес секторда айқын сезіледі.

Валюта нарығын реттеуге және капитал қозғалысына қатысты проблемалар да теріс ықпалын

тигізуде. Экспорттан түсетін табыстың елеулі бөлігі ішкі валюта нарығына түспей, шетелде қалып қояды. Үкімет пен Ұлттық банк экспорттаушыларды валюталық табысты сатуға ынталандыруға тиіс.

Ақша-несие саясатының ынталандырушылық рөлін де күшейту қажет. Қазіргі таңда бұл саясат көбінесе валюта нарығындағы қаржының шамадан тыс көбейіп кету қаупіне байланысты тежелуде. Банктер валюта нарығы және Ұлттық банктің мүмкіндіктері арқылы пайда таба алатын болған соң, нақты экономиканы несиелендіруге құлықты емес.

Осы өтімділікті қайта бағдарлап, бизнеске несие беріп, валюталық алыпсатарлықты тоқтату ісіне бейімдеу үшін шаралар қабылдауды тапсырамын. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Ұлттық банктің осы міндетті шешу үшін өкілеттігі мен құзыреті толық жеткілікті. Жыл соңына дейін жағдай түзеледі деп үміттенемін.

Қаржы секторындағы тағы бір жағымсыз фактор – тұтыну сегменті мен бизнеске несие беру ісіндегі теңгерімсіздік. Тұтынушыларға тоқтаусыз, тіпті жауапсыз несие беруге нормативтік тұрғыдан тосқауыл қою керек. Оның айтарлықтай әлеуметтік зардабы болуы мүмкін. Азаматтардың қаржылық сауатының төмендігі оларға түрлі несиені жөн-жосықсыз тықпалауға себеп болмауы керек.

Биыл менің тапсырмам бойынша заңнамалық және нормативтік база өзгертіліп, қарыз алушының төлем қабілетін бағалауға қатысты талаптар едәуір күшейтілді. Бұрын тұтыну несиесін оңды-солды таратып келген микроқаржылық ұйымдар, ломбардтар мен өзге де қаржы мекемелерінің қызметі мемлекет тарапынан реттелетін болды. Алайда бұл түйткіл әлі толық шешілген жоқ. Әсіресе, дағдарыс кезінде елдің табысы азайған тұста қарызға бату қаупі арта түсті.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Ұлттық банк несие беретін ұйымдардың жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ несие бойынша шекті мөлшерлемелерді саралап-жіктеу және азайту үшін қосымша реттеу шараларын қабылдау керек.

Біз ақша-несие саясатына деген сенімді арттыруға тиіспіз. Сол себепті Ұлттық банктің құрамынан Ақша-несие саясаты комитетін құру туралы шешім қабылданды. Оның құрамына тәуелсіз мүшелер де кіреді.

Егер ұлттық табысты әділ бөлу-дің маңыздылығы туралы айтар болсақ, барша азаматтарға дәл сондай ұғынықты болатын салық саясатын әзірлеуіміз керек.

Бүгінде салықтар мен алымдардың 40-қа жуық түрі бар. Оны басқару ісі тым күрделі және негізінен мәжбүрлік сипатқа ие болып отыр.

ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ

Мұндай тәсіл тежемелік және тепе-теңдік жүйесін нығайтып, әр кезеңде тиімді саралау жүргізіп отыруға мүмкіндік береді.

Тағы да қайталап айтамын, заңдылық пен әділеттілік сөзсіз қамтамасыз етілуге тиіс. Қылмыстық істерге қателік адам тағдырын өзгертетінін естен шығармау керек.

Қылмыстық істер бойынша 2021 жылдан бастап прокурорға адам құқығы мен бостандығына қатысты негізгі процессуалдық шешімдерді келісу міндетін заң арқылы жүктеген жөн.

Қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету маңызды болып отыр. Оған жиі өзгерістер енгізу құқық қолдану ісіне әсерін тигізеді және бірыңғай тергеу және сот тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Заңнаманы қолдануға қатысты шешім қабылдау кезінде көбіне тиісті талдау мен болжам жасалмайды. Шешім заң қолданушыларға ыңғайлы болу тұрғысынан қабылданады. Сондықтан «әкімшілік» және «қылмыстық» құқық бұзушылықтың жаңа ұғымын қалыптастыру керек. Қоғамға және заң қауымдастығына құқық бұзушылық үшін жаза белгілеудің қорыны түсінікті болады.

Барлық озық елдерде полиция институты сервистік модель негізінде дамып келеді. Біз де мұндай үлгіге көшетімізді мәлімдедік. Бірақ жұмыс барысында аз ғана нәтижеге қол жеткізілді.

«Жұртқа жақын полиция» қағидаты бойынша жергілікті полиция қызметінің мейлінше тұтас реформасын жасау қажеттігі пісіп-жетілді. Осыған орай учаскелік инспектордың роліне баса мән берілетін болады.

Учаскелік инспектордың мәртебесін заңнама арқылы арттырып, оның өнімді жұмыс істеуіне мол мүмкіндік берген жөн. Ол азаматтар алдында танымал, қолжетімді әрі беделді болуға, солардың құқықтарын қорғауға тиіс.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерін жұртпен ашық әңгіме жүргізуге үйретудің маңызы зор. Бұл бағыт кадрларды даярлау және іріктеу жүйесінде басымдыққа айналуы қажет.

Бейнебақылау жүйесін дамыту жөнінде көп айтылады. Бірақ соған қарамастан құқық қорғау органдары көбінесе өздерінің ғимараттарында құрылғысыз отырады. Түзеу мекемелеріне және полицияның қызметтік ғимараттарына жаппай бейнебақылау орнатуды тапсырамын.

Ішкі істер министрлігі құрылымын қайта қарап, оны саладан алшақ міндеттерден арылту керек. Бұл маңызды ведомство жұмысының тиімділігін арттырады.

Біздің табиғи және техногенді апаттар дәуіріне қадам басқанымызды ескеріп, Төтенше жағдайлар министрлігін қайта құру қажет деп санаймын.

Қылмыстың алдын алу жұмыстарында да кемшіліктер бар. Прокуратураның қадағалауын азаматтарды және бизнес саласын толғандыратын проблемаларды тиімді шешуге бейімдеп қайта бағдарлау керек.

Бізге ауқатты инвестор келсе болды, күштік құрылымдар мен бақылаушы органдар соны тексеруге асығады. Үкімет пен Парламент

күштік құрылымдардың бизнес ісіне шамадан тыс араласуына заң арқылы тосқауыл қоюы керек.

Салыққа байланысты құқық бұзғаны үшін бизнес өкілдерін қылмыстық жауапкершілікке тартудың қазіргі тәртібін қайта қарау керек.

Тіркеген кәсіпкерлерге қатысты кез-келген тергеу әрекеттері тек сот немесе прокурор санкциясы арқылы ғана жүзеге асырылуға тиіс. Бұл мәселені де қарау керек.

Құқықтық мемлекеттің маңызды шарты – туралықтан танбайтын әділ сот төрелігінің болуы. Сот жарыспалы қағидат бойынша жүруге және судья айыптаушы жаққа тәуелді болмауға тиіс. Сол үшін адвокат пен прокурордың теңдiгiн қамтамасыз ету қажет.

Қоғамның соттарға деген сенiмiн орнықтыру басымдығы бар мақсатқа айналуы керек. Бұған мемлекет пен судьялар корпусының өз күштерiн жұмылдыруы арқасында ғана қол жеткізуге болады.

Сот жүйесі ешкімге есік ашпайтын меніреу мекемеге айналмауға тиіс. Жоғары сот кеңесі мен Жоғарғы сот жаңа кәсіпқой кадрларды сот төрелігін жүзеге асыруға тарту жұмысын белсенді жүргізгені жөн. Сот жүйесі салық салу, жер қойнауын пайдалану, зияткерлік меншік, қорпоративтік құқық саласының мамандарына зәру болып отыр.

Судьяларды іріктеу бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен жүргізілуі тиіс. Үміткердің қандай еңбегі арқылы жұмысқа қабылданғанын жұртшылық біліп отыруы керек.

Дау-дамайды шешудің баламалық тәсілдерін де дамыту қажет. Бұл ұстаным мемлекеттің қатысуынсыз-ақ ымыраға келуге жол ашады. Дамыған елдерде мұндай институттар өзін-өзі таныта білуде.

Он жылдай жуық уақыт бұрын біз «Мединация туралы заң» қабылдадық. Бірақ қазіргі кезге дейін бірде-бір мемлекеттік орган оның даму мәселесімен айналысқан емес. Айқын мемлекеттік саясат байқалмайды. Бұл жағдайды реттеп, қателікті жөндеу керек.

Президент Әкімшілігі жанынан Құқық қорғау мен сот жүйесі реформасы жөніндегі өкілдік комиссия құрылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес барынша жүйелі сипат алуда. Жемқорлықтың пайда болу себептеріне көбірек назар аударылып, алдын алу жұмыстары жүргізілуде.

Енді жемқорлыққа апаратын факторларды анықтау үшін мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың нормативтік актілері мен жұмыс үдерісіне жемқорлыққа қарсы күрес тұрғысынан арнайы талдау жүргізген жөн.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күрес жауапқа тартылудан қорыққан шенеуніктерді дербестік, бастамашылдық және жедел әрекет ету қасиеттерінен айырмауға тиіс.

Біз мемлекеттік бақылауға балама ретіндегі қоғамдық бақылау институтын қолдай отырып, тиісті құқықтық негіз қалыптастыруымыз керек. Мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың қоғам алдындағы ашықтығын және есептілігін қамтамасыз етуге жол ашатын «Қоғамдық бақылау туралы» заңды әзірлеп, қабылдауды тапсырамын.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы

ҚОЛЖЕТІМДІ ӘРІ САПАЛЫ БІЛІМ



- » 2021 жылғы қаңтардан: мұғалімдер жалақысы 25%-ға көбейеді;**
- » Осы мақсатта 3 жылда 1,2 трлн теңге бөлінеді;**
- » 2025 жылға дейін 6 жасқа дейінгі балалар мектепке дейінгі білім беру ошақтарымен 100% қамтылады**

Қоғамдық кеңестердің ролін арттыра түсу керек. Оларды сатып алуды ұйымдастыратын комиссиялардың жұмысына тарту қажет. Сондай-ақ, квазимемлекеттік секторда қоғамдық кеңестер құру мүмкіндігін қарастыру керек. Парламент қарауындағы тиісті заң жобасын жыл аяғына дейін қабылдаған жөн.

Сонымен қатар, Қоғамдық кеңестердің құрамына түрлі әлеуметтік топ өкілдерін кеңінен тарту қажет. Мысалы, біз мүмкіндігі шектеулі адамдар осындай ұйымдардың жұмысына араласып, өз үндерін жеткізуге үшін қолайлы жағдай жасауымыз керек. Олар әрқашан мемлекеттің ерекше назарында болуға тиіс.

Квазимемлекеттік құрылымдардың қаржы-шаруашылық қызметін, бюджет қаражатын пайдалану жөніндегі мәліметтерді және басқа да құнды деректерді бүкіл қоғамға қолжетімді ету үшін бірыңғай ақпараттық ресурстар құру аса маңызды болып отыр.

Мемлекеттік органдардың шешімі жөніндегі ақпараттың ашықтығы азаматтық қоғаммен сындарлы диалог орнатуға септігін тигізеді. Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі заң жобасын мүмкіндігінше осы сессияның аяғына дейін қабылдау керек.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа тәсілдерін енгізген жөн деп санаймын. 2021 жылдан бастап мемлекеттік қызметшілердің, депутаттардың, судьялардың шетел банктерінде есепшотқа ие болуы, қолма-қол ақша және бағалы заттар сақтауына қатысты жемқорлықпен күрес аясында жаңа шектеулер енгізу керек.

Мемлекеттік қызметшінің немесе квазимемлекеттік мекеме басшысының қос азаматтығы анықталған жағдайда олар қызметінен босатылады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, судьялардың, пара берушілердің және парақорлыққа делдал болғандардың сыбайлас жемқорлығы үшін жазаны қатайту тұрғысынан Қылмыстық кодекске өзгерістер енгізу керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасағандарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату шарасы қолданылмайды. Жемқорлықпен ұсталғандардың мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуіне өмір бойы тыйым салатын қағида қатаң сақталуы керек. Біз сыбайлас жемқорлық деректері туралы хабарлаған адамдарды заң жүзінде қорғайтын жүйе қалыптастыруымыз қажет.

Адам құқық қорғау жөнінде жаңа шаралар қабылдау өте маңызды. Мен үшін бұл мәселенің мәні зор.

Бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанның азаматтары да интернеттегі ғайбаттаулардан қорғана алмай отыр. Бұдан ең алдымен балалар зардап шегуде. Олар интернет арқылы тараған қоқан-лоқынның әсерінен қатты қиналады. Өкінішке қарай, соның салдарынан қайғылы жағдайға да ұшырап жатады. Азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау жөніндегі заңнамалық шараларды қабылдайтын кез келді.

Балалар құқық қорғау жөніндегі басқа да шараларды күшейту керек. Атап айтқанда, Бала құқы жөніндегі конвенцияның хабарлау рәсіміне қатысты факультативтік хаттамасына қосылу қажет.

Азаптаумен күрес жөніндегі ұлттық заңнаманы жетілдіру мәселесі маңыздылығын жойған жоқ. Азаптағаны үшін қылмыстық жауапкершілік белгілейтін бұл құжатты Азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттерге қарсы конвенцияның ережелеріне сәйкестендіру керек.

Адам саудасына қарсы күрес мәселесі де күн тәртібінен түспейді. Бұл жағынан Қазақстанның халықаралық қауымдастық алдындағы жағдайы айтарлықтай емес. Құқық қорғау органдары мұндай қылмыстарды тергеу рәсімін жетілдіре түсуі керек. Осыған орай сот тәртібімен қатаң жаза қолданылуы қажет. Бұл маңызды міндет мемлекеттік органдардың үйлесімді іс-қимылын талап етеді.

Парламенттегі заңдар тезірек қабылданады ден үміттенемін.

ІХ. ЦИФРЛАНДЫРУ – БАРЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТІ

Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы.

Ең алдымен, цифрлық теңсіздікті жойып, барлық азаматты интернетпен және сапалы байланыспен барынша қамтамасыз ету керек. Бүгінде бұл жолдар мен электр қуаты сияқты негізгі қажеттілікке айналып отыр.

Әлеуметтік жағынан осал отбасылардың балалары компьютерлік техникамен және сапалы интернетпен қамтылуға тиіс. Осы жылдың соңына дейін 250-ден астам тұрғыны бар ауылдардың барлығына интернет жүргізіледі.

Біз зейнетақы мен жәрдемақы тағайындаған кезде халықтың буда-буда қағаз толтырып, сансыз есікті тоздыруға мәжбүр болып жүргенін көріп отырмыз.

Мұның бәрін толықтай цифрландыру керек. Адамдар емес, мәліметтер «зыр жүгіруге» тиіс.

Мекемелік байланыста да, азаматтармен қарым-қатынас кезінде де қағазбастылықтан барынша бас тартқан жөн. Жыл соңына дейін ең қажетті анықтамалардың қағаз түрінде талап етілуін тоқтатып (47-ден 30-ы), мәліметті цифрлық түрде растау тәсілін қамтамасыз етуді тапсырамын.

Кеше елорда әкімі Алтай Көлгінов Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыру бойынша актив жиынын өткізді. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Президент Жолдауы бойынша әкімдік жұмысының бағыттарын атап көрсетті.



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАҒЫТТАРЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

БІРІНШІ. МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫ ҚЫСҚАРТУ

Биыл мемлекеттік аппарат штаты 10%-ға, келесі жылы 15%-ға қысқарады. Қысқарту цифрландыру мен мемлекеттік функцияларды оңтайландыруды ескере отырып жүзеге асырылады.

«Қолжетімді полиция» қағидатын жүзеге асыру үшін учаскелік полиция қызметкерлерінің саны 224 бірлікке көбейеді, 40-тан астам учаскелік пункттер ашамыз.

Жергілікті бюджетті оңтайландыру 36 миллиард теңгеден астам қаржыны құрады. Үнемделген қаражат маңызды салаларға бағытталды: экономиканың нақты секторын қолдау және инфрақұрылымды дамыту – 26 миллиард теңге, әлеуметтік салаға – 10 миллиард теңгеден астам. Жыл соңына дейін біз бірқатар басқа кәсіпорындарды оңтайландыруды және нысандарды сенімгерлік басқаруға беруді жүзеге асырамыз.

ЕКІНШІ. ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫ

Мемлекет басшысы еліміздің жаңа экономикалық бағытының 7 негізгі қағидасын атап өтті. Өнеркәсіпті және ШОБ-ты қолдау үшін мемлекет салық жеңілдіктерін жасап, төлемдерді кейінге қалдырды және жеңілдік шарттарымен несиелерді қайта қаржыландыруға мүмкіндік берді. Тиісті мемлекеттік органдармен бірге ШОБ-қа берілген барлық несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені 6%-ға дейін мемлекеттік субсидиялауды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргіземіз.

ҮШІНШІ. ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУ, ӨЗ ӨНІМДЕРІН ӨНДЕУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯ

ТАРТУ БОЙЫНША ЖҮМЫС КҮШЕЙТІЛЕТІН БОЛАДЫ

Біз «Жұмыспен қамту – Жол картасы» жобаларын жергілікті қамту үлесін 90%-ға дейін жеткіземіз.

Аймақтық инвестициялық кеңестердің жұмысын қалпына келтіру оң нәтиже берді: азаматтар мен қалаға қажет жобаларды қолдаймыз, әр инвестормен жеке жұмыс істейтін боламыз және әкімшілік кедергілерді азайту бойынша жұмысты жалғастырамыз. АХҚО әлеуетін пайдалану туралы тиісті меморандумға қол қойылды.

ТӨРТІНШІ. ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ

Елордада тұрақтандыру қоры құрылып, бөлшек сауда желілеріне жеңілдікпен несие беру жұмыстары жүргізілді – бірқатар ірі сауда желілері мен базарлар «айналым механизмі» жобасына қатысуда. Осы мақсаттарға 3,6 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінді. Осылайша, нарық қатысушыларына қолдау көрсетіліп, әлеуметтік маңызы бар өнімдер бағасы тұрақтандырылуда.

БЕСІНШІ. ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ

Бүгінде барлық қаржыландыру көздері есебінен қалада 3,5 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Біз халықтың әлеуметтік осал топтары үшін қолжетімді тұрғын үй сегментіне баса назар аударудамыз.

Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қолжетімді тұрғын үй құрылысының көлемі үш есе артты. Біз сондай-ақ Қа-

зақстандық ипотекалық компания, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкімен» бірлескен жұмыс жүргізудеміз.

АЛТЫНШЫ. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

Күзгі ЖРВИ маусымы мен коронавирусқа қатысты ахуалдың күрделенуі мүмкін екенін ескере отырып, медицина мекемелері дәрі-дәрмектермен, жабдықтармен және қорғаныс құралдарымен жабдықталды. Бұл жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Сонымен қатар бірқатар медицина ұйымдарының инфрақұрылымын салу және қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде.

ЖЕТІНШІ. БІЛІМ САЛАСЫ

Биыл былтырғыдан екі есе көп мектеп саламыз, бұл дегеніміз – 12 білім беру мекемесі. Қазірдің өзінде олардың алтауы ашылды. Бұл жұмыс алдағы жылдарда да жалғасын табады – 2021 жылы 20 мың оқушыға арналған тағы 12 мектеп салып, пайдалануға береміз. Биыл «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша 26 білім беру нысанын жөндейміз.

Қашықтан оқытуды ескере отырып, біз бірінші кезекте аз қамтылған отбасылардың балаларын компьютер және роутермен қамтамасыз етеміз. «Мұғалім мәртебесі туралы» заң қабылданды, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап мұғалімдердің жалақысы 25%-ға көтерілді. Балаларды кибербуллингтен қорғау бойынша жұмыстарға ерекше назар аударылады.

СЕГІЗІНШІ. БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУ

Кәсіби спортқа бөлінген қаражат балалар мен жасөспірімдер спортының дамуына – бұқаралық

спортты дамытуға бағытталады. Спорт алаңдары бар 150 ауланы көгалдандыру жұмыстары аяқталуға жақын. Біз 4 үлкен дене шынықтыру-сауықтыру кешенін, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтуға арналған ат спорты манежін салудамыз. Сонымен қатар «Толқын», «Қазақстан» спорт кешені, Қ.Мұңайтпасов атындағы стадион және басқа да бірқатар спорт нысандарын күрделі жөндеуден өткіземіз.

ТОҒЫЗЫНШЫ. ЭКОЛОГИЯНЫ ЖАҚСARTU

Ауа ластануының негізгі көздеріне мыналар жатады: көлік құралдары, жылу электр стансалары мен стационарлар, жеке сектор. Экологияны жақсарту үшін біз бірқатар ауқымды жұмыстар жүргізудеміз: бірінші – Елбасының тарихи жобасы – қаланы газдандыру. Алдағы жылу беру маусымының өзінде Железнодорожный, Промышленный, Көктал-1, Көктал-2 тұрғын алаптары, Агроқалашық, Оңтүстік-Шығыс тұрғын алаптарының бір бөлігінің тұрғындары үйлерін газбен жылыта алады.

МАҢЫЗЫ – ХАЛЫҚТЫҚ СИПАТЫНДА



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы Жолдауы мазмұнының ерекшелігі ең алдымен мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру қағидасына жаңаша мән-мағына берілуінде.

Ал басты идеясы – мықты басқару жүйесі бар, барынша еркін нарық қалыптасқан, әлеуметтік әлеуеті жоғары әрі үнемі тұрақты даму жолындағы мемлекет болу.

Ол идеяның арқауы – халық, оның жағдайы. Жолдаудың басты мазмұны – оның халықтық сипатында.

Президенттің өткен жылғы сайлауалды бағдарламасының басты қағидатына айналған «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының іс жүзіндегі көрінісіне осы күндері куә болып отырмыз.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев бастаған билік жүйесі халықтың арыз-арманын, жан айқайын, ой-пікірлерін тыңдағанына көз жеткіздік.

Билік пен Президенттің халықпен жақын, тығыз байланыста жұмыс істеуді басты принципке айналдырғанын бүкіл қоғам болып сезіндік.

Бұл жағдай өз кезегінде мемлекет басқару жүйесі мен халықтың арасындағы байланыстың жақсаруына ықпал жасайтыны сөзсіз.

Жолдауда бұл жағдай баса айтылды. Билік пен халықтың арасын үнемі байланыста ұстап отыратын қоғамдық институттарды, бірлестіктерді күшейтуді, оларға қосымша пәрмен беруді Президент нақтылап тапсырды.

Қаламызда белсенді жұмыс жасап жүрген қоғамдық кеңес, қалалық маслихат, мемлекеттік емес ұйымдар қызмет өрістеріне сәйкес арнайы құқық алатын болып отыр.

Енді қалалық маслихат өңірдегі қордаланып қалған мәселелерге байланысты халықтың қолын жинап, билік алдына петиция қоя алады.

Биыл сайлауға «Нұр-Отан» партиясы ерекше жолмен кірісіп отыр. Демократиялық принциптерге негізделген праймериз арқылы түспекші. Ол арқылы талантты жастарды, белсенді азаматтарды билікке тарту мүмкіндігіне ие болмақпыз.

Менің өзім де праймеризге қатысамын. Өйткені мол тәжірибемді пайдаланып, оны халықтың игілігіне жаратуды парыз санаймын.

Келер жылы 25 жылдық мерейтойын өткізейін деп отырған Еуразия университеті биыл 1-курсқа 5 мыңнан аса жастарды студент қатарына қабылдады. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Еліміздегі грант иегерлері ең көп келген университет болып отыр.

Осынша жастардың пандемияға қарамастан елордамызға келуі көп жайтты аңғартады.

Елордаға келген жастардың барлығы астананың статусын көтеруге әлеуетті. Біз оларды астана тұрғыны ретінде биік дәрежеде дайындап береміз.

Кезінде дана Абай айтқандай: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айына бір өзіңнен-өзің есеп ал» демекші, биліктің де халық пен маслихат алдында есеп бере отыра, жұмысын абыроймен атқаратынына сенімдімін.

Ерлан СЫДЫҚОВ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры,
Нұр-Сұлтан қалалық маслихатының депутаты

№103-104 (4073) 3 қыркүйек 2020 жыл

АУЛАЛАРДЫ АБАТТАНДЫРУ ЖАЛҒАСАДЫ

Қазір келесі жылы абаттандырылатын аулалар мен қоғамдық кеңістіктер тізімі дайындалуда. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram-дағы парақшасында хабарлады.

«Елорданың келбетін қалыптастыруда, тұрғындардың уақытын жайлы өткізуде аулалар, тынымбақтар мен гүлзарлар маңызды рөл атқарады. Карантиндік шаралар енгізілгеннен кейін абаттандырылған қоғамдық кеңістіктерге сұраныс арта түсті. Қала тұрғындары таза ауада серуендеуді бағалай бастады. Өткен жылы біз бірінші кезекте абаттандыруды қажет ететін аулалардың тізімін жасадық. Олардың қатарына қараусыз қалған учаскелер, батпақ және бос қалған жерлер енгізілді. Басымдық оң жағалауға жасалды. Сондай-ақ апатты үйлер сүрілген жерлерде, құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатқан жерлерде шағын парктер пайда болды.

Абаттандыру бойынша ауқымды жұмыстарға биылғы көктемнен бастап кірістік. Осылайша, биыл Байқоңыр ауданында – 50 аула, Сарыарқада – 40, Алматыда – 33, Есіл ауданында 20 аула абаттандырылды. Сонымен бірге 50



қоғамдық кеңістікті абаттандырамыз. Мысалы, осы жазда көпір астындағы демалыс орны алғаш рет абаттандырылды (Сарайшық көшесі, Арқар көпірі). Жаңа кеңістік Триатлон паркі мен Президент саябағын біріктіреді.

Көгалдандыруға ерекше назар аударамыз. Себебі әр

отырғызылған ағаш бірнеше жылдан соң экологияға жағымды әсерін тигізіп, адамдардың уақытты тиімді өткізуіне септігін тигізеді сөзсіз. Қазір келесі жылы абаттандырылатын аулалар мен қоғамдық кеңістіктердің тізімін дайындап жатырмыз» деп жазды Алтай Көлгінов.

ЕНДІ ГАЗБЕН ЖЫЛЫТАДЫ

Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram-дағы парақшасында жазды, деп хабарлайды әкімдіктің ресми сайты.



«2-ЖЭО-ны газға көшіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысымен таныстым. Газ құбыры салынды, желдету жабдықтарын, газ қорғау жүйелерін және қазандықтарға монтаждау жанарғыларын орнату жұ-

мыстары жүргізіліп жатыр. Биыл ЖЭО-1 және ЖЭО-2 газға көшіруді жоспарлап отырмыз. Бұдан басқа, елді мекендерде кварталішілік газбен жабдықтау желілерін салу бойынша жұмыстар жалғасып жатыр.

Мысалы, «Железнодорожный» елді мекенінде газ тарату желілерінің – 100 пайыз, «Промышленный» мен «Көктал-2» – 95 пайыз, «Көктал-1» 80 пайыз салынды. Бұл жұмыстар «Агроқалашық», «Оңтүстік-Шығыс» елді мекендерінде де жүргізіліп жатыр. Бұл елді мекендердегі үйлердің бір бөлігі биылғы жылыту маусымында газбен жылытылуы мүмкін. Қаланы газдандыру процесі үш кезеңнен тұрады.

Үйлерді газбен жабдықтау желілеріне қосу үшін, техникалық шарттарды тегін беру үшін үш фронт-офис ашылды. Бұл «Көктал-1», «Железнодорожный», «Промышленный» тұрғындарына арналған. Жеке сектор тұрғындары үшін тегін есептегіштер қарастырылған. Елорданы газдандыру – Елбасының тарихи жобасы. Газдандыру процесі – Мемлекет басшысының бақылауында» деп жазды Алтай Көлгінов.

«ӨНДІРІС» ҚАЙТА ТҮЛЕДІ

Биылғы абаттандыру жұмыстарын жүргізудегі басты ерекшелік – тұрғын алаптарды көркейтіп, қоғамдық кеңістіктерді заманауи талаптарға сай етіп жасақтауда болды. Мәселен, бір «Өндіріс» тұрғын алабының өзінде Ақбидай, Кеңшілер, Тайбурыл көшелерінде абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, тұрғындардың пайдалануына берілді.

«Негізгі мақсат – тұрғындардың жайлы демалысын қамтамасыз етіп, жасөспірімдер мен бүлдіршіндердің уақыттарын тиімді өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз ету. Осы мақсатта абаттандыру жұмыстары тұрғын-

дардың тілектері мен өтініштерін ескере отырып жасақталды» делінген хабарламада. Соның ішінде Ақбидай көшесінде салынған қоғамдық кеңістікте тұрғындарға арналған арнайы демалыс орны, жасөспірімдерге арналған

көпфункционалды тренажерлер мен Workout арнайы спорттық алаңдары, бүлдіршіндер ойнайтын қондырғылар жабдықталып, футбол алаңы салынды. Тұрғындардың өтініштерін ескере келе, баскетбол алаңы аяқталуға жақын.

САНСӨЙЛЕМ

НҰР-СҰЛТАНДА ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА

26 000 БАЛА
1-СЫНЫПҚА
ҚАБЫЛДАНДЫ.

ҚОСЫМША АВТОБУСТАР ҚОСЫЛАДЫ

1 қыркүйектен бастап елордада 5 бағдарға қосымша автобус қосылды.

«Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық көлігіндегі жолаушылар ағынын азайтуды жалғастырамыз. Осыған орай, жақсы жаңалықпен бөліссек дейміз. 1 қыркүйектен бастап 5 бағдарға қосымша автобус қосылды. №12, 37, 50, 52, 56 бағдарлары

көбейтіледі» делінген СТС компаниясының хабарламасында. Мәселен, №52 бағдар бірден 5 автобуска артты, қалғандарына бір-екі автобустан қосылды. Сонымен қазір жүріп тұрған 781 автобус тағы 10-ға толығып, 791 болды.



ЕРІКТІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Елордада жаз бойы суға шомылу орындарында адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосқан еріктілер марапатқа ие болды.

Нұр-Сұлтан қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Бауыржан Сыздықов: «Су жағалауларындағы адам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге біздің департамент қызметкерлерімен бірге қалалық әкімдік, тәртіп сақшылары, Ұлттық ұлан және еріктілердің үлесі зор.

Жаз бойы төтенше жағдайды қамтамасыз ету бағытында 60 волонтер еңбектенді. Оның 45-і оқушы және студент болса, қалған 15-і – жұмыссыз болған адамдар» деп атап өтті марапаттау кезінде. Сондай-ақ ерекше көзге түсіп, үздік деп танылған волонтерлерге алғыс хат табыс етілді.

ТҮРКІСТАН ЖӘНЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСТАРЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІ

ЖӘРМЕҢКЕСІ

5-6 ҚЫРКҮЙЕК | «ХАН-ШАТҮР» ОСО АЛАҢЫНДА

ЖӘРМЕҢКЕДЕ бақша өнімдері, көкөністер, ет өнімдері, сүт өнімдері, балық, бал, жеміс шырғандары, консерві өнімдері, жемістер **ҰСЫНЫЛАДЫ**

ЖӘРМЕҢКЕГЕ КЕЛУШІЛЕР ҚАТАҢ САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУЫ ҚАЖЕТ: МАСКА КИЮ, ҚАШЫҚТЫҚТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ АНТИСЕПТИКТЕРДІ ҚОЛДАНУ

ЕЛОРДАДА 12 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Жаңа оқу жылы елордалық оқушылар мен білім қызметкерлері үшін ерекше жаңалықпен басталды. Нұр-Сұлтанда 1 қыркүйекте бір емес бірнеше мектеп ашылды. Бұл жаңалық елорда мектептерінің біраз жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Білім күніндегі жақсылықты оқушылар мен мұғалімдермен бөліскен елорда әкімі Алтай Көлгінов жаңа мектептер арқылы білім саласындағы біраз түйткілді мәселенің шешілетінін айтты.



Қолданыстағы білім беру мекемелерінің аумағында үш мектеп және үш жаңа ғимарат салынған. 9 мың орындық бірнеше мектепте балалар екі ауысыммен оқитын болады. Жаңа білім беру мекемелері төрт мектепте, яғни №31, №40, №53, №85 мектептерде үш ауысымдағы оқуды қысқартуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ оқушы саны көп алты мектептің

№12, №58, №71, №75, №76, №84 білім мекемелеріндегі жүктеме азаятын болды.

«Біздің алдымызда мектеп оқушыларын орынмен қамтамасыз ету және оқуға қолайлы жағдай жасау міндеті тұр. Сауран, 5/1, көшесінде орналасқан мектеп екі ауысымда оқытып, жаңа 2400 оқушыға орын пайда болды. Бұл аймақ тұрғындары үшін бұған

дейін оқу орны болған емес. Жаңа мектеп №59 және 85 мектептердің үш ауысымдық білім беру мәселесін шешіп, №76 және 75 мектептердің жүктемесін азайтады. Мектеп интерактивті даму кабинетімен, қашықтан оқытуға арналған онлайн студиямен жабдықталған. Студияда мұғалімдер онлайн сабақтарын жазып, вебинарлар өткізіп, тікелей эфирде көрсете алады. Болашақта біз бұл тәжірибені басқа мектептерде де қолданатын

боламыз» деді елорда әкімі Алтай Көлгінов.

Елорда әкімі сондай-ақ Сейфуллин – Омаров көшесінде бой көтерген 1800 орындық №8 ІТ мектеп-лицейінде болды. 60 жыл бұрын салынған ескі мектеп ғимараты апатты деп танылды. Өткен жылдарда балалар №56 және 16 мектептердің ғимараттарында оқыды. Жаңа мектеп ІТ және STEM сыныптарымен жабдықталған – оқушылар 3D нысандарын жасау, роботтарды модельдеу бойынша ғылыми және техникалық білімдерін практикада бірден қолдана алады. Сонымен қатар мектепте инклюзия және педагогикалық-психологиялық түзету бөлмелері

бар. Мұнда арнайы дайындалған мұғалімдер ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейді.

Барлық мектептегідей сияқты мұнда бастауыш сынып оқушылары мектеп қабырғасында «кезекші топтар» форматында оқиды – сыныпта 15-тен көп бала болмайды, парталар шахмат тәртібімен қойылған. Дезинфекциялық туннельдер, антисептиктер, әлеуметтік арақашық белгілері және маска тағу туралы ескертулер орнатылды.

Жалпы биыл елордада 12 мектеп салынып, пайдалануға беріледі, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп. Алдағы 2021 жылы тағы 12 мектеп салынады деп жоспарланып отыр.



© Бетті дайындаған Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ

ОНЛАЙН ҚОҢЫРАУ, ОНЛАЙН ОҚУ...

Елімізде жаңа оқу жылында оқушылардың 80 пайызға жуығы қашықтан оқыту форматында білім ала бастады. Бастауыш сынып оқушыларының 60 пайызға жуығы кезекші топтарға барды. Ал Нұр-Сұлтан мектептері 202 мың оқушымен биыл оқу жылын бастамақ. Мектеп табалдырыған алғаш аттаған 26 мың бала 1 сыныпқа қабылданды. Кезекші топта 14113 бала оқитын болады. Жалпы бастауыш сыныптарда 82 мың оқушы болса, соның 50%-ы кезекші сыныптарға оқуға өтініш берген.



1 қыркүйек - Білім күні мектептерде онлайн жиынмен басталып, кезекші топтар үшін мерекелік қоңырау соғылды. Алғашқы қоңырауға елордалық 200 мыңнан астам оқушы қатысты. Биыл 26 мың бүлдіршін 1 сыныпқа барады. Айта кетейік, өткен жылы 1 сыныпта 24 мыңдай

бала оқыған еді. Білім күнінің қорытындысы бойынша бастауыш сынып оқушыларының 50 пайызға жуығы кезекші топтарда оқуды бастады. Яғни жалпы саны 3 мыңнан астам кезекші сыныптар жұмыс істейді. Балалар саны 15-тен аспайтын кезекші сыныптарда сабақтың ұзақтығы 40

минуттан аспайды. Әр сыныптың үзіліс уақыты әртүрлі. Бүгінгі күні бастауыш сыныптарда 82 мыңнан астам оқушы бар болса, оның 50%-ы кезекші сыныптарға оқуға өтініш білдіріп отыр. Оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрлігінің әдістемелік ұсынымдарына сәйкес жүргізіледі.

Ал қашықтан оқитын балалар үшін 20 тамыздан бастап компьютерлік техникалар және роутерлер таратыла бастады. Бүгінгі күнге 9 мың компьютер, 13 300 роутер берілген. 15 қыркүйекке дейін келісімшартта бекітілген 34 472 компьютерді толықтай таратуды аяқтамақ.

Сондай-ақ «Балапан» және «Ел арна» телеарналарында сабақтар басталды. Оның кестесі барлық мектепке жеткізілді. Бұл сабақтар білім министрлігінің ресми сайтында да орналастырылған. Мұндағы басты мақсат – оқушылар мен мұғалімдердің сабақтарды қайта қарап, қайталауына мүмкіндік беру.

МҰҒАЛІМДЕР БІЛІКТІЛІГІН ӨСІРДІ

Елордалық ұстаздардың барлығы «Қашықтан оқытуды үйренемін» тақырыбындағы онлайн-курсқа қатысты. Қашықтан оқытуға дайындық мақсатында білім беруді жаңғырту орталығы 12 480 педагогты қамти отырып, Sterik платформасында онлайн-оқыту ұйымдастырды. Оның ішінде 2562 мектепке дейінгі білім

беру педагогы, 9036 жалпы білім беретін мектептердің мұғалімі және 882 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылары бар. Сонымен қатар, барлық педагогтар 24-28 тамыз аралығында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» әзірлеген «Қашықтан оқытуды үйренемін» онлайн-курсына қатыстып, біліктіліктерін шыңдады. Ұстаздар жазғы демалыстарын да білім мен білуге жұмсады. Яғни педагогикалық шеберліктің Academia.kz виртуалды зертханасында білім алды. Онымен қоса, жаңа оқу жылында елорда мектептерінде 269 жас маман жұмысқа қабылданды. Айта кетейік, ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы аясында биыл жыл басында мұғалімдердің жалақысы өскен еді. Кеше ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында 2021 жылдан бастап ұстаздар жалақысын тағы да 25 пайызға өсіруге пәрмен берді. Бүгінде педагогтардың орташа жалақысы 148 мың теңгені құраса, 2023 жылға дейін екі есе өсіп, орташа айлық 300 мыңға дейін жетпек. Мұндай серпіліс жас мамандардың білім саласына келуіне, әлеуметтік жағдайдың көтерілуіне ерекше серпін бермек.

ЖАҢА БАЛАБАҚША АШЫЛМАҚ

Биыл жыл соңына дейін балабақша кезегі де қысқармақ, 904 орындық 1 қабатты мектепке дейінгі 3 ұйымның филиалы ашылмақ. Сондай-ақ 90 орынға көру қабілеті нашар балаларға арналған балабақша пайдалануға беріледі. Және мемлекеттік жеке-меншік әріптестік шеңберінде 360 орынға арналған тәрбие орнының құрылысы аяқталмақ.

КОЛЛЕДЖДЕРГЕ 7 МЫҢНАН АСТАМ СТУДЕНТ ҚАБЫЛДАНДЫ

Білім күнін онлайн жиынмен бастаған колледж студенттері де енді сабақты қашықтан жалғастырмақ. Алайда барлық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанына құжат қабылдау аяқтаумен кешкі және сырттай оқу нысанына құжат қабылдау 20 қыркүйекке дейін жалғасады. Бүгінгі күні жалпы саны 7 мыңнан астам құжат қабылданған. Оның ішінде педагогикалық мамандыққа 909 студент оқитын болады.

Колледждерде оқу жылы қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы басталды. Зертханалық және практикалық сабақтар, өндірістік оқыту және кәсіптік практика неғұрлым кеш мерзімге ауыстырылған.

Интернет-ресурстарда жалпы білім беретін пәндер бойынша 5 511 бейне-сабақ, арнайы пәндер бойынша 4 683 дәріс, сондай-ақ 27 746 астам практикалық тапсырма әзірленген. Сонымен қатар, колледждерде компьютерлер мен интернетке қосылуына мониторинг жүргізілді. Компьютер немесе интернеті жоқ басқа өңір студенттері жатақханадан орын және компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген. Осылайша білім күні соғылған онлайн қоңырау, алдағы оқу жылының сәтті боларына сендірді. Қашықтан оқытуға әрі кезекші топта білім беруге жаз бойы дамыл таппай дайындалған ұстаздар барлық талаптарды сақтай отырып сабақ өткізбек. Осы ретте ата-аналардың да үлкен ыждаһатпен түсіністікпен қарауы ләзім.

ЕЛОРДА ҚАЛАЙ ЦИФРЛАНЫП ЖАТЫР?

Індеттің цифрландыру саласына салған салмағы ауыр. Қала халқының өміріне де өзгеріс енгізді. Тұрғындар барлық мемлекеттік қызмет түрлерін қашықтан алу мүмкіндігіне ие болды. Үйден шықпай-ақ жүгінуге болатын жаңа қызметтер: ПТР тест тапсыру үшін кезекке тұру, пітір садақа, әлеуметтік көмек түрлеріне құжат тапсыру сынды сервистер әзірленді. Онлайн өмірге икемделу қалай жүзеге асты? Цифрландыру саласында қандай жаңалықтар орын алды? «Ақылды қалаға» жүктелген міндет ақталды ма? Аталмыш сұрақтар мен цифрландыру саласындағы мәселелерге қалалық тұрақты даму орталығының IT-архитекторы Виталий Пустовойтенко жауап берді.

КАРАНТИНДЕГІ ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕР

Карантиндегілер «Smart Astana» бақылауында. Мобильді қосымша үй карантиніндегі адамдардың геолокациясын анықтауға, географиялық орнының өзгергенін бақылауға мүмкіндік берді. Ол үшін қолданушы «Мен карантиндемін» деген функцияны қосу керек. Егер қолданушы ұялы телефонын қалдырып, алысқа ұзап шығып кетсе, қосымша дабыл қағып, ситуациялық орталыққа хабар береді әрі үйдегі карантинде орындалуы тиіс талаптар да толық көрсетілген. Жоба әлемнің 15-ке жуық елдерінде табысты жүзеге асырылған және елімізде де оң нәтиже берді. Қосымша 31 наурызда қолданысқа енді, десе де күні бүгінге дейін қызмет көрсетуін тоқтатқан жоқ. Бірақ қызметіне жүгінетіндер қатары азайған.

Карантин кезінде астаналықтар арасында аса сұранысқа ие болған қызмет – жұмыспен қамту орталығынан жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алу. Ол үшін тұрғындар орталық сайтындағы 16 қызмет түрінің ішінен қажеттісін таңдап, ыңғайлы уақытқа жазылу қажет. Электронды талон алып, орталық қызметіне жүгінуге болады. Бұл

ұзын-сонар кезектің алдын алды. Қазіргі таңда елорданың тәжірибесіне сүйене отырып, барлық аудандарға енгізу жағы қарастырылып жатыр.

Сонымен қатар шаһар халқы онлайн кезекке тұру, бірыңғай жиынтық төлем, пітір садақа төлеу қызметіне жиі жүгінді. Пітір садақа қызметін 2 мыңнан аса адам қолданып, ораза уақытында 1 миллионнан көп қаражат жиналған.

НҰР-СҰЛТАН – КӨШ БАСЫНДА

МИБ тіркеу, пәтер иелерімен жиналыс, дауыс беру, сауалнамалар қашықтан жүргізілуде.

Онлайн дауыс беру, сауалнама толтыруға мүмкіндік беретін «Eknote» платформасы әзірленді. Бұл – электронды ПИК-тің жаңарған нұсқасы, пәтер иелерінің атынан әлдебіреулердің жалған дауыс беруін болдырмайды. Өзгешелігі сол, платформада интерфейс толығымен өзгерген, аналитикалық элементтер қосылған. Мәселен, Сарыарқа ауданында 70 шаршы метрлік тұрғын үйде үш адам тұрса, олар дәл өздеріндей 70 шаршы метр тұрғын үйде тұратын үш адамның жарық, суға және



т.б. кетіретін шығындарын көріп, салыстыра алады.

Бүгінде жаңа платформа сынақтан өту кезеңінде, әзірге бірнеше тұрғын үй мен 5 МИБ қосылған. Қыркүйек айының ортасынан барлық тұрғындар «Eknote»-қа қосылатын болады. Десе де пәтер иелерінің одан бас тартуға мүмкіндігі бар.

ҚАҒАЗСЫЗ АУРУХАНА

Медициналық-ақпараттық жүйенің арқасында қағазбастылық азайды. Цифрландыру нәтижесінде бұған дейін қағазға жазылатын есептік құжат қажетсіз болып қалды. Электронды денсаулық төлқұжаты жасалды. Тұрғындар өзімен бірге анықтама немесе басқа қағаздар бумасын алып жүрмейді. Тек өз аты-жөнін айтса жеткілікті, олардың қандай сырқатқа шалдыққаны, нендей ем қабылдағаны, медициналық сараптама қорытындылары жайлы алдын ала біліп отыруға

мүмкіндік берді.

Емделушілер үшін «Damumed» мобильді қосымшасы әзірленді. Дәрігерлер аталмыш қосымша арқылы тегін онлайн-кеңес беріп келеді. Қазіргі кезде дәрігер қабылдауына жазылу үшін емханаға барудың қажеті жоқ. Үйден шықпай-ақ қабылдауға жазылуға мүмкіндік бар. Тұрғындар өздеріне қолайлы уақытта дәрігерді үйге шақырта алады. Сонымен қатар бұл қосымшаның көмегімен еңбекке жарамсыздық парақтарын, дәрігер жазып берген рецептерді, өзіңіздің зертханалық зерттеу нәтижелерін көре алады. Көптеген емханаға келуші науқастар осы қосымшаның көмегімен дәрігерлерге талон алып қаралып жатыр. Енді тұрғындар ұзын-сонар кезекті күтпей-ақ портал туралы сұрақтарды және басқа да ақпараттарды үйде отырып алуларына болады. Бұл жоба арқылы емхана қызмет көрсету сапасын арттыру, адамдардың өтініш-тілектерімен

жұмыс істеу жағы жолға қойылды.

Елімізде енді еңбекке жарамсыздық парағы мобильді қосымшамен тексеріледі. Арнайы QR-код арқылы оны қашан және кімнің бергенін анықтауға мүмкіндік туып отыр. Бұл алаяқтық жолмен ақша тапқысы келетіндердің жолын кеседі. Еңбекке жарамсыздық парағындағы QR-код елорданың емханаларынан бастау алып, бүкіл Қазақстанды қамтиды.

Сондай-ақ түрлі зертханалармен байланыс күшейді, соның бірі төтенше жағдай кезінде «Олимп» клиникалық талдау-талдау зертханасы ПТР сынағының шынайылығын тексеруге атсалысты.

Биыл («ақылды қала») статусына жаңа талаптар қосылады. Бас шаһар жылдың басы қаңтар айында «ақылды қалалар» рейтингінде 61 пайыз дауыс жинап, бірінші орынды иемденген еді. Енді елордада жылдың аяғына дейін 100 пайыз цифрлы қалаға айналу міндеті тұр. Нәтижесі – уақыттың еншісінде.

Бетгі дайындаған Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

ТАЛДЫ КӨЛ МЕН МАЙБАЛЫҚ

елорданың көркін ашатын саябаққа айналады



Елорда тұрғындары мен қонақтарын тамаша бір жаңалықпен қуантсақ деп отырмыз. Барлық аймақ үлгі тұтатын бас қалада екі экологиялық саябақ салынады. Оның бірі Талдықөл көлінің жанында орналасады. Жобаланған аумақ шаһардың оңтүстік-батыс бөлігінде орын тепкен, аумағы 5700 гектарды қамтиды.

Сонымен бірге оның аумағында болашақ биологтар мен орнитологтар үшін көру алаңдары мен эксклюзивті білім беру орталықтарын салу жоспарланды. Сөйтіп, Талдықөл саябағы экологиялық туризмді дамыту орталығына айналады.

«Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС қызметкерлері Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау қауымдас-тығымен бірге Ұлыбританиядағы әріптестерімен бірлесе отырып,

Лондонның батпақты су айдыны орталығы, Rainham Marshes табиғи паркі, Шервуд орманы, Minster Reseve қорығы үлгісінде табиғи саябақтарды жобалау мен салудағы халықаралық тәжірибені зерттеп, жетекші орнитолог мамандармен кездесті.

Тағы бір айтармыз, табиғи саябақтың құрылуы Қызыл кітапқа енген жануарлар мен сирек кездесетін құстардың табиғи ортасын сақтайды.

Талдықөл – тарихи маңызы бар орнитологиялық аймақ. Маусымдық қоныс аудару кезеңінде көлде және оған жақын жерлерде құстардың 200-ге жуық түрлері кездеседі. Олардың арасында пеликан, ақ құйрық, сұңқылдақ аққу, ақ құйрықты бүркіт бар. Ботаникалық зерттеулер нәтижесінде көлдерге іргелес жерде 98 өсімдік түрі тіркелген.

Сондай-ақ қаланың әуежай бағытының оңтүстік-шығыс жағындағы Майбалық көлінің бойына салынатын екінші экологиялық саябақ та адамдар үшін жайлы да тартымды орынға айналмақ. Оның жалпы ауданы – 400 гектар, су қоймалары – 120 гектар. Саябақ кешенінде балық аулауға арналған жасанды су қоймалары, ерекше қорғалатын жағалау аймақтары, серуендеу және велосипед жолдары, спорттың белсенді түрлері мен аумақтың бірегей экожүйесін сақтауға арналған алаңдар құру қарастырылған. Сонымен қатар туристерді жануарлар әлемінің алуан түрімен таныстыруға арналған экологиялық маршруттар мен жол жасау жоспарланды.

Майбалық көлінен шығысқа қарай орналасқан аумақта заман

талабына үйлесетін табиғи аймақ ұйымдастыру өте ыңғайлы. Ұсынылып отырған мекен барлық табиғи ерекшеліктерді – климатты, флораны, фаунаны ескере отырып, экологиялық саябақ құруға қолайлы саналады. Бұл аумақта өсімдіктердің 100-ге жуық түрі өседі, құстардың 200-ден астам түрі тіршілік етеді. Оның ішінде үй салатын және жыл құстары, сүтқоректілердің 30-дан астам түрі бар. Балық өсіру де жоспарланып, саябақта балық мейрамханасы жұмыс істейді.

Саябақтың ерекшелігі – мұнда мекендейтін жануарлар мен құстардың еркін жағдайда және жергілікті табиғат зонасына тән болуы. Сондай-ақ ат спорты клубын ашып, саябақты атпен аралауға мүмкіндік туады. Майбалық көлінің аумағы ерекше қорғалатын аймақ болады. Одан шығатын арналар «тірі артериялар» сияқты барлық азаматтарға көлге емін-еркін жетуге мүмкіндік береді. Болашақта орман саябағы қарқынды дамып келе жатқан қаланың «жасыл» орталығына айналады. Бұл – елорданың «жасыл капитал» идеясын жалғастыру үшін маңызды қадам.

– Бүгінде елорда «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» бас жоспары аясында дамып келеді. Осы бағдарламаның басты мақсатының бірі – елорда тұрғындары мен қонақтарының жайлылығы үшін тартымды орталықтар құрып, ішкі туризмді дамыту. Осындай эко-парктер қаланың «жасыл белдеуін» қалыптастыру жобасына сәйкес келеді. Жобаның тұжырымдамасы – барлық биоалуантүрлілік пен табиғи көріністермен белгілі бір қорғалатын аумақ құру. Экологиялық туризмді ат маршруттарын құра отырып дамыту жоспарлануда. Осы мақсатта саябақтың қонақтары үшін арнайы жол жасалады, – дейді қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Ұранхаев.

Отандық биоалуантүрлілік қауымдас-тығы жобаға сараптама-лық қолдау көрсетеді. Қажет болса, шетелдік мамандар тартылады. Қауымдас-тық пен RSPB қызметкерлері биоологиялық және ландшафттық әртүрлілікті түгендеуге бағытталған бірқатар ғылыми зерттеулер жүргізеді. Олардың жұмысының нәтижелері экологиялық саябақ құрудың келесі кезеңдеріне негіз болмақ.

Түйіндей келгенде, енді аз уақытта Талдықөл мен Майбалықтың аумағы үлкен саябаққа айналып, мәуелі бәйтеректей жайқалады.

Ресейде бір күнде 200-300-дей бала коронавирус жұқтырып ауырып жатқанын ескерген Дума депутаттары оқу жылын 1 қыркүйектен емес, 1 қазаннан бастауды ұсынған болатын. Бірақ, 1 қыркүйекте барлық мектептер дәстүрлі күндізгі форматта ашылды. Биыл 17 миллионға жуық оқушы мектепке барды, оның 1 миллион 900-ге жуығы – бірінші сынып оқушысы. Егер сыныпта оқушыдан коронавирус анықталса, сынып түгел карантинге жіберіледі. Мектепке кірер кезде оқушылардың дене қызуы міндетті түрде өлшенеді.

Тағы бір ерекшелік - егер коронавируспен байланысты карантин енгізу туралы шешім қабылдау қажет болса, онда мектептер бұл мәселені өз бетінше шеше алатын болды. Денсаулық сақтау министрлігі жаңа ресейлік вакцинаны ең алдымен оқытушылар алатынын мәлімдеді. Колледждерде, кәсіптік мектептер мен жоғары оқу орындарында да сабақ бұрынғы тәртіппен басталды.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

Өзбекстанның Білім министрлігі негізі үш түрлі сценарий қарастырған: жағдай жақсарса – мектептер бұрынғыдай жұмыс істейді, нашарласа – қашықтан оқу жалғасады. Үшінші нұсқа – аралас оқу. Өзбекстан 7 қыркүйектен бастап тәжірибе ретінде шағын аудандардағы балаларды мектепке жібере бастайды. Ал 14 қыркүйектен бастап ел бойынша барлық балаға мектепке барып оқуға құқық беріледі.

Тәжікстан оқушылары 17 тамыздан бастап мектепке бара бастаған. Билік «коронавирусты жеңдік, балаларға қауіп жоқ» деп есептеп, мектептердің барлығын ашуға шешім қабылдаған. Білім министрлігінің жоспарына сәйкес, балалар 1 қыркүйекке дейін өткен оқу жылы карантинде өткізіп алған сабақтардың орнын толтырады. Сосын барып жаңа сыныпқа көшеді. Егер эпидемиологиялық ахуал нашарлап кетсе, сыныптардағы бала саны мен сабақ санын азайтпақ. Егер жағдай қиындайтын болса, онда қашықтан оқыту форматына көшеді. Тәжікстанда телеарналардың эфир уақыты видеосабақтарға жетпейтіні мен интернетке қолжетімсіздік проблемасы бар.

Түркіменстанда онлайн сабақ болмайды, 1 қыркүйекте 1868 білім беру мекемесіне 1 млн 400 мың оқушы барады. Оның 160 мыңға жуығы – мектеп табалдырығын бірінші рет аттайтын балалар. Сабақтардың ұзақтығы бірінші сыныптарда – 25 минут, 2-4 сыныптарда – 30 минут, 5-11 сыныптарда 35 минут болады.

Қырғызстанның шешімі Қазақстанға ұқсас. Мектепке оқу жылының алғашқы тоқсанында тек 1-сынып оқушылары ғана барады. Биыл олардың саны – 156 мың. Егер эпидемиологиялық жағдай оңалса, екінші тоқсанды күтпей-ақ барлық білім ордалары кезең-кезеңімен бұрынғы режимге көшірілетінін айтты.

БІЛІМ ДЕНГЕЙІ ТӨМЕНДЕЙ МЕ?

Сарапшылардың пікірінше, Орталық Азия компьютерлік технологиялар мен интернетпен қамтамасыздандыруда артта қалып отыр. Бұл жетілдірілмеген заңнамалық және нормативтік базаның нәтижесі, бұл салаға инвестиция салуға мүмкіндік бермейді. Орталық Азияда мемлекеттің жартылай немесе толық монополиясы бар, инвестицияға қаражат шектеулі. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы сарапшыларының мәлімдеуінше, пандемияға дейін Орталық Азиялық орташа білім алушының білім деңгейі Еуропадағы құрдастарынан бір жарым жылға кешігіп жүрген болса, бұдан әрі де жағдай қиындай

бермек. «Орталық Азияда бір үлкен мәселе бар: қашықтан қолданылатын жедел механизмдер арқылы оқытуда мұғаліммен кері байланыс жетіспейді. Бала 15 минуттық теле-сабақты бастан-аяқ көрсе де, жаңа білімді меңгеруге көмектесетін мұғалімнен қолдау ала алмайды. Осылай тақырыпты түсінбеген оқушы математикадан берілген үй тапсырмасын орындай алмауы да мүмкін. Қазақстанда үйде интернеті, ноутбугы бар оқушылардың үлесі – 70 пайыз, Тәжікстанда бұл бір пайызға тең. Цифрлық сауаттылық пен арнаулы дағдылар да шектеулі. Тіпті интернетпен қамту деңгейі жоғары Қазақстанның өзінде 2018 жылғы зерттеуге сәйкес, оқушылардың 54 пайызында оқу жүйесінде цифрлық технологияларды қолдануға қажетті дағды жоқ» дейді Орталық Азиядағы Дүниежүзілік банктің жетекшісі білім беру маманы Айша Вауда. Осылайша алты ай бойғы оқудағы артта қалушылық; оқудың шекті деңгейінің 25% төмендеуі; білім беру жүйесінде теңсіздіктің пайда болуы білім сапасының төмендеуіне



ӘЛЕМ БІЛІМ КҮНІН МАСКАМЕН ҚАРСЫ АЛДЫ

айтарлықтай әсер ететіні айтпаса да түсінікті.

ЕВРОПА БАЛАЛАРЫ ПАРТАҒА ОТЫРДЫ

Еуропада коронавирус қайта өршігенмен, 1 қыркүйекте мектептер ашылып, Англия мен Уэльсте барлық балалар осы аптаның әртүрлі күндерінде мектепке оралады. Бастапқыда билік мектептерде маскалар қажет емес дегенді алға тартса, кейін маска киіп оқу шешіміне тоқтады. Қалай болғанда да сабақ тоқтамауы тиіс, өйткені Ұлттық білім беру қоры жүргізген сауалнамаға сәйкес, британдық мектептердің мұғалімдері мен директорлары оқушыларын өздерінің білім деңгейі бойынша бағдарламадан үш айға кешігіп отыр, ал кедей және ауқатты отбасылардың балалары арасындағы оқу үлгерімі арасындағы айырмашылық бір жарым есеге артты деп санайды.

ҚОЛЫН КЕМ ДЕГЕНДЕ БЕС РЕТ ЖУАДЫ

Шотландия мен Солтүстік Ирландияда сабақ тамыз айында басталған. Мұнда сыныптар бірнеше топқа бөлінген. Ал мектепке келуден бас тарту деген мүлдем жоқ. Яғни, сабаққа барлық балалардың қатысуы міндетті. Оқуға себепсіз келмегендер айыппұл төлейді. Францияда жазғы екі айлық демалыстан кейін 12,4 миллион бала сабаққа оралды. Испанияда алты жаста асқан барлық мектеп оқушылары бетперде киіп, қолдарын күніне кемінде бес рет жууы керек. Сыныптардың саны ең көбі 25 балаға дейін қысқарды, ал жергілікті билік мұғалімдерге қосымша ақы төлейді. Бельгияда 1,2 миллион оқушы парталарына отырды. Қойылатын талап - сабақ

арасында әртүрлі сыныптағы балалар кездеспеуі керек, сыныптар үнемі желдетіліп тұрады, мектеп оқушылары мен мұғалімдер сабақ кезінде маска киіп жүруі тиіс. Германияда да көптеген мектептер ашылды. Мұнда да қауіпсіздік талаптарын сақтау қатаң қадағаланады.

ҚЫТАЙДА ТЕКСЕРІС ҚАТАН

Қытайда жаңа оқу жылын бастауға рұқсат берілді. Қатаң талаптарды мүлтіксіз орындау жұмыстарына Бейжіңнің өзінде мыңнан астам инспектор тартылды. Статистика бойынша ел астанасының өзінде 600 мыңнан астам оқушы бар. Әр оқу орны төтенше жағдай кезінде өз жоспарын жасап, бекітіп қойған. Бастаушы және орта мектептерді 39 бап бойынша тексереді. Ал балабақшаларда санитарлық нормалар 50 түрлі ережеге сай болуы керек. Оқушылардың соңғы екі аптада қайда болғаны жіті тексеріледі. Ал ұстаздарға талап одан да қатаң. Жазғы демалыста оларға шаһардан шығуға тыйым салынды.

Қытайда Сянь көлік университеті және Чжэцзян технологиялық университеті сияқты бірқатар университеттер қазіргі уақытта Қытайда жүрген студенттер бетпе-бет сабаққа қатыса алатынын мәлімдеді. Сырттағылар 2020 жылдың бірінші семестрін ғаламторда өткізеді және жағдай өзгерсе Қытайға кіруге рұқсат етіледі. Шілде айының аяғынан бастап шетелдік студенттерге әлі де шектеулер бар және олардың Қытайға келуіне тыйым салынады.

Қытайда жүрген шетелдік студенттер JW202 формасын университет қалашығындағы Халықаралық студенттер кеңсесінде ала алады. Қалған университеттер Қытайдың Білім министрлігінің 2020 жылдың

қыркүйегіндегі жағдайды түсіндіру туралы бұйрығын күтуде. Осыдан кейін олар не шақыру жібереді, не онлайн-сабақ жүргізеді, не шекара ашылғанша күтеді.

ҮНДІСТАНДА ЕМТИХАН БАСТАЛДЫ

Үндістан билігі тамызда коронавирус инфекцияның 2 миллионға жуық жағдайы туралы хабарлады. Бұл – пандемия басталғаннан бері әлемнің кез келген нүктесінде тіркелген жаңа ай сайынғы ең жоғары айлық көрсеткіш. Тамыз айында елде Ковид-19 диагнозынан 28 мыңға жуық адам қайтыс болды. Бұл – әлемдегі ең жоғары айлық көрсеткіш. Диагноз қойылған аурулардың жалпы саны бойынша (3,6 млн) Үндістан әлемде АҚШ пен Бразилиядан кейінгі үшінші орында. Сонымен бірге Үндістан үкіметі экономиканы ынталандыру үшін карантиндік шараларды босатуды жалғастыруда, ол сәуір мен маусым айлары аралығында шамамен төрттен кеміді. Осындай күрделі ахуалға қарамастан сейсенбіде Үндістанда беделді бірлескен емтихан (JEE) басталды. Жұртшылық емтихан кезінде талапкерлер бір-біріне инфекция жұқтырып, содан кейін қарт туыстарына вирусты жұқтыра бастайды деген қорқыныштан билік оны кейінге қалдырады деп үміттенген еді. Бірақ ұлттық емтихан агенттігі емтиханды уақытында өткізуді талап етті, өйткені «өмір жалғасуы керек және студенттердің мансабына қауіп төнбеуі керек».

САБАҚ ШІРКЕУЛЕРДЕ ӨТЕДІ

Еуропалық елдердің ішінен COVID-19-дан көп зардап шеккен Италия. Ресми түрде мұнда мектептер ашылды, бірақ әзірге сыныптар бос. Шындығында, сабақтар екі

аптадан кейін ғана басталады. Бұл қосымша уақыт студенттерге емес, мұғалімдер мен қызметкерлерге үй-жайларды жаңа санитарлық талаптарға бейімдеу үшін беріледі. Әр аймақтағы жергілікті билік мектептерді жабдықтауға жауапты. Егер мектептерде орын жеткіліксіз болса, олар жаңа үй-жайдан қосымша 20000 оқу орнын табуы керек. Шалғай жерлерде шіркеулерде немесе тіпті оқшауланған шатырларда сабақ беру ұсынылды.

«МЕКТЕБІН ТАЗА» СЕРТИФИКАТ АЛУ КЕРЕК

Түркияда 15 миллионға жуық оқушы үшін білім күнінің «қоңырғауы» қашықтан сыңғырлады. Балалар оның дауысын теледидар, компьютер яки ұялы телефон арқылы естіді. Ұлттық білім беру министрлігі мектептер 18 қыркүйекке дейін қашықтан оқытатындығын жариялады. Үш апталық онлайн білім беру үдерісі мемлекеттік телеарналарда жалғасады. Мұғалімдер жұмыста жүріп қауіпті індетке шалдықса, өтемақы төленбейді. Созылмалы ауруы бар оқытушылар қалыпты жағдайдағы оқытудан ақылы түрде босатылады. Дегенмен, елдің 1 миллионнан астам мұғалімі бір апта бойы коронавирус жағдайына оқыту үдерісі бойынша арнайы семинарға қатысуға міндеттелді. Мұғалімдер бұл курста санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау тәсілдерін үйренді. Ал оқу ордалары 21 қыркүйекке дейін «Мектебін таза» атты сертификаттарды алулары тиіс. Құжат COVID-19 ережелері сақталған орындарға ғана беріледі.

**Интернет материалдары
бойынша дайындаған
Жадыра ШАМҰРАТОВА**

КАРАНТИНДІК ШЕКТЕУЛЕР КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН ЖЕҢІЛДЕТІЛЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.Қ.Шағалтаеваның карантиндік шектеу шараларын кезең-кезеңмен жеңілдету туралы қаулысы (екінші кезең).

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 9, 36, 102, 104, 107-баптарына, «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №130 бұйрығымен, «ҚР аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №239 бұйрығымен, ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің «ҚР халқының арасында коронавирустық инфекциямен аурудың алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 26 маусымдағы №43 қаулысымен, «ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 14 тамыздағы №47 қаулысымен, «ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 15 тамыздағы №48 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №50 қаулысымен, ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру, коронавирустық инфекциямен сырақтанушылық деңгейін төмендету және оның Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары арасында таралуын болдырмау мақсатында шектеулі карантиндік шараларды кезең-кезеңмен жеңілдетуді жалғастыру (екінші кезең).

2. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарына келесі талаптарды сақтауды жалғастыру:

2.1. ойын-сауық, спорттық, отбасылық (үйлену тойлар, туған күндер, жерлеу және т. б.), естелік іс-шараларды, сондай-ақ жиналыстарды, жиындарды және басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салу;

2.2. кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты міндетті түрде сақтай отырып, жеке тәртіппен және 5 адамнан аспайтын топтарда спорттық жаттығуларды тек ашық ауада өткізу;

2.3. 3 адамнан немесе бір отбасы мүшелерінен аспайтын топтарды қоспағанда, табиғатқа экскурсиялық, корпоративтік, топтық сапарларды ұйымдастыруға және өңірдің көрікті жерлеріне шолу жасауға, сондай-ақ жағажайларда шомылуға тыйым салу;

2.4. 65 жастан асқан адамдардың қала және қоғамдық орындар бойынша жүріп-тұруын шектеу;

2.5. аулаларда серуендеуге

және саябақтарға, алаңдарға, скверлерге, жағалауларға 3 адамнан аспайтын топтармен немесе бір отбасы мүшелеріне міндетті түрде бетперде киіп және кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып баруға рұқсат беру;

2.6. қоғамдық орындарға, оның ішінде қалалық қоғамдық көліктерге және қызметі рұқсат етілген объектілерге барған кезде, көшеде жүріп-тұру кезінде (5 жасқа дейінгі балаларды қоспағанда және ашық ауада спортпен шұғылданду кезінде) бетперде кию, қашықтықты сақтау және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптарды қатаң сақтау;

3. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына, Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасына, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына, Білім басқармасына, Діни істер жөніндегі басқармасына, «CityTransportationSystems» ЖШС, мемлекеттік органдар, ұйымдар, кәсіпорындар, кәсіпкерлік субъектілері қамтамасыз етсін:

3.1. жұмыс күнінің (ауысымның) ұзақтығын барынша қысқарту мүмкіндігімен меншік нысаны мен қызметкерлердің штаттық санына қарамастан барлық ұйымдардың, кәсіпорындардың қызметкерлерінің кемінде 80% үшін қашықтықтан жұмыс нысанын сақтау;

3.2. сауда объектілеріне, қызмет көрсету саласындағы объектілерге, қоғамдық көлікке, скверлерге, саябақтарға, аллеяларға, жағалауларға және адамдар көп жиналуы мүмкін болатын орындарға дезинфекциялау іс-шараларын жүргізу;

3.3. жұмыс күндері қалалық қоғамдық көліктің жұмысы (пик сағаттарында автобустардың санын көбейту, соңғы аялдамада дезинфекциялау құралдарымен өңдеу, барлық есіктерді ашу, жолаушылар үшін қолжетімді орындарда тері антисептигі бар санитайзерлерді орнату, әлеуметтік қашықтықты міндетті түрде сақтау және жолаушылар мен жүргізушілердің бетперде киюі) жұмыс кестесі жұмыс күндері сағат 6:00-ден 23:00-ге дейін және демалыс және мереке күндері сағат 9:00-ден 21:00-ге дейін;

3.4. ХҚКО жұмысын алдын ала қатаң түрде Egov.kz, EgovKZBot 2.0 телеграмм-бот арқылы брондау ретімен күшейтілген санитарлық-эпидемияға қарсы, санитарлық-профилактикалық шараларын сақтай отырып, жұмыс кестесін жұмыс күндері сағат 09:00-ден 20:00-ге дейін және сенбі күні сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін. Құжаттау бөлімі: жұмыс күндері түскі үзіліссіз сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін және сенбі күні

сағат 09:00-ден 14:00-ге дейін. Мамандандырылған бөлім: жұмыс күндері және сенбі күні сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін құжаттарды қабылдау, дайын құжаттарды түскі үзіліссіз сағат 09:00-ден 20:00-ге дейін беру;

3.5. сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда орталықтарының жұмысын жұмыс күндері күшейтілген санитарлық-эпидемияға қарсы, санитарлық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, демалыс аймақтарында және демалыс орындарында сатып алушылардың болуын қоспағанда, бір келушіге 4 м2 есебінен жобалық қуаттың 30%-нан аспайтын толымдылығын сақтай отырып, жұмыс кестесін сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін белгілеумен, демалыс және мереке күндері жұмысқа тыйым салумен ұйымдастыру. Бұл ретте көрсетілген объектілер мен олардың аумақтарында орналасқан аттракциондардың, балалардың ойын алаңдарының, кинотеатрлардың, ойын орталықтарының, фудкорттардың жұмысына қатаң тыйым салынады;

3.6. жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарлардың жұмысын санитарлық-эпидемияға қарсы, санитарлық-профилактикалық іс-шараларды күшейте отырып, бір келушіге 4 м2 есебінен жобалық қуаттың 30%-дан аспайтын толымдылығын сақтай отырып, жұмыс күндері сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, демалыс және мереке күндері жұмыстарына тыйым сала отырып ұйымдастыру;

3.7. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №ҚР ДСМ-98/2020 Бұйрығының 10-тарауына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің 1-4 сыныптарына басқа, жаңа оқу жылында онлайн оқыту режимінде білім беру объектілерінің жұмысын ұйымдастыру;

3.8. арнайы білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың жұмысын ұйымдастыру;

3.9. балалар мен ересектерге арналған түзету кабинеттерінің жұмысын (5 адамнан артық емес, алдын ала жазылу бойынша) күшейтілген сани-

тарлық-эпидемияға қарсы, санитарлық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, жұмыс күндері сағат 11:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілеумен, демалыс және мереке күндері жұмыстарына тыйым сала отырып ұйымдастыру;

3.10. білім беру орталықтарының, балалар мен ересектерге арналған үйірмелердің, балаларды дамыту орталықтарының жұмысын (5 адамға дейінгі топтарда алдын ала жазылу бойынша,) күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, жұмыс күндері сағат 11:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, демалыс және мереке күндері жұмыс істеуге тыйым сала отырып ұйымдастыру;

3.11. сұлулық салондарының, шаштараздардың, косметикалық және косметологиялық қызметтер, маникюр және педикюр қызметтерін көрсететін орталықтар мен салондардың жұмысын (қатаң түрде 1 келушіге 4 м2 есебінен алдын ала жазылу бойынша) күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, жұмыс күндері сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, демалыс және мереке күндері жұмысқа тыйым сала отырып ұйымдастыру;

3.12. моншалардың, сауналардың (массажсыз және пилингсіз) жұмысын бассейндерді қатыстыра отырып бір мезгілде келушілердің жобалық сыйымдылығы 30%-дан аспайтын қатысумен жұмыс күндері сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін (алдын ала жазылу бойынша), демалыс және мереке күндері жұмыс істеуге тыйым сала отырып жұмыс режимін уақытша шектеумен ұйымдастыру;

3.13. фитнес-орталықтардың, фитнес-клубтардың, спорттық-сауықтыру объектілерінің жұмысын бассейндерді (массажсыз және пилингсіз) қатыстыра отырып, 1 келушіден гана болу және жұмыс күндері сағат 07:00-ден 22:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, демалыс және мереке күндері жұмыстарына тыйым сала отырып ұйымдастыру;

3.14. меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда кезекші топтардың жұмысын әр топты 15 баладан артық толтырмай,

санитарлық-эпидемияға қарсы санитарлық-профилактикалық, карантиндік шараларды қатаң сақтаумен жұмыс күндері сағат 07:30-дан 18:30-ге дейін жұмыс кестесін белгілеу, демалыс және мереке күндері жұмыстарына тыйым салумен ұйымдастыру;

3.15. қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жұмысын (мейрамханалар, кафелер, барлар, асханалар) күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, ғимараттың ішінде 30-дан артық емес және жазғы алаңда 30-дан артық емес орындардың толымдылығы бойынша шарттарды сақтаумен және көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, бір үстелге 4-6 адамнан аспайтындай етіп отырғызумен, өзі алып кетуге тыйым салумен, жұмыс күндері жұмыс кестесін 9:00-ден 23:00-ге дейін, жеке иелік аумақтары мен тұрғын үй ғимараттарында орналасқан объектілер үшін жұмыс кестесі сағат 9:00-ден 22:00-ге дейін белгілей отырып ұйымдастыру. Демалыс және мереке күндері қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жұмысы тек ашық ауада отыратын орын саны 30-дан аспайтындай, өзі алып кетуге тыйым салумен жұмыс кестесі сағат 9:00-ден 22:00-ге дейін және тамақ жеткізуге жұмыс кестесі сағат 9:00-ден 23:00-ге дейін белгіленіп отырып рұқсат беру. Бұл ретте, ұжымдық, салтанатты, отбасылық және басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салынады;

3.16. азық-түлік емес тауарлардың барлық түрлерін сату бойынша дүкендердің жұмысын бір сатып алушыға 4 м2 есебінен жобалық қуаттың 30%-нан аспайтын толымдылығын сақтай отырып, санитарлық-эпидемияға қарсы, санитарлық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен, демалыс күндері жұмыс істеуге тыйым салынған сауда желісін, тек онлайн тапсырыстарды қабылдаумен және тауарларды курьерлер арқылы жеткізумен, өздігінен алып кетуге тыйым салумен ұйымдастырылатын жұмысты қоспағанда, жұмыс, демалыс және мереке күндері жұмыс кестесін сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін белгілей отырып ұйымдастыру;

3.17. ашық ауада жалпы пайдаланылатын орындарда орналасқан аттракциондар мен балалар ойын алаңдарының жұмысын тыйым салынған және санкцияланбағандарды қоспағанда, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен, жұмыс күндері жұмыс кестесін сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін белгілей

отырып, демалыс және мереке күндері жұмыстарына тыйым салумен ұйымдастыру;

3.18. «демалыс күнгі» (ашық ауада) ауыл шаруашылығы, мектеп және азық-түлік жәрмеңкелерінің жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен, тек демалыс күндері ғана жұмыс кестесін сағат 9:00-ден 19:00-ге дейін белгілей отырып ұйымдастыру;

3.19. жұмыс күндері діни бірлестіктер объектілерінің жұмысын (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т. б.) 1 келушіге кемінде 5 ш.м дейінгі және 30%-дан аспайтын толтырумен қамтамасыз ете отырып, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып бұқаралық іс-шараларды (жұма намазы, діни жоралар және т. б.) өткізуге және оларда орналасқан қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жұмысына тыйым сала отырып, демалыс және мереке күндері жұмыстарына тыйым салумен ұйымдастыру;

3.20. мәдениет объектілерінің (жеке, топтық дайындықтар көрермендерсіз 30 адамнан аспайтын қатысумен), кітапханалардың, мұражайлардың, галереялардың, көрмелердің жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы

санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен және штаттық жұмыс режимін белгілей отырып ұйымдастыру;

3.21. жабық бассейндердің жұмысын қатаң түрде алдын ала жазылу бойынша күшейтілген санитарлық-эпидемияға қарсы санитарлық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен жұмыс күндері жұмыс кестесін сағат 7:00-ден 20:00-ге дейін белгілей отырып, демалыс және мереке күндері жұмыстарына тыйым сала отырып ұйымдастыру;

3.22. күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, Ұлттық құрама командалары, клубтық командалар үшін (спорт базаларының аумағында тұруды 30 адамнан аспайтын дай қамтамасыз ете отырып) спорттық жаттығулар өткізуді ұйымдастыру;

3.23. меншік нысанына қарамастан, көрермендерсіз жабық спорт объектілерінің (спорт кешендері, спорт мектептері, спорт клубтары, жаттығу залдары) жұмысын 5 адамнан аспайтын жеке және топтық жаттығулар өткізуге үшін, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен, жұмыс күндері жұмыс кестесін сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін белгілей отырып, демалыс және мереке күндері жұмысына

тыйым салумен ұйымдастыру;

3.24. күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, өңірлер арасында жолаушылар автобусының автоқатынасының жұмысын ұйымдастыру;

3.25. ҚР БМСДҚ №50 қосымшасына сәйкес алгоритмді сақтай отырып, жиналыстарды, отырыстарды өткізуге оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда тек негіздеме болған жағдайда күндізгі режимде өткізуге рұқсат беру;

3.26. объектілердің барлық түрлерінің жұмысын ұйымдастыруға Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекциямен аурулардың алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 26 маусымдағы №43 қаулысы қосымшаларының талаптарын қатаң сақтаған жағдайда жол беріледі («ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 14 тамыздағы № 47 кулысы);

3.27. көңіл көтеретін орындардың жұмыс істеуіне тыйым

салу (бильярд, караоке, боулинг-орталықтары, компьютерлік клубтар, түнгі клубтар, букмекерлік кеңселер және ойын клубтары, соның ішінде лотереялар ұтысы және т. б.);

3.28. орналасқан жеріне қарамастан, кинотеатрлардың, фудкорттардың, банкеттік және салтанатты залдардың жұмыс істеуіне тыйым салу;

3.29. СПА-орталықтардың, массаж орталықтары мен кабинеттердің жұмысына тыйым салу;

3.30. қаладағы саябақтарда, жағалауларда, скверлерде балалар мен ересектерге арналған қозғалыс құралдарын (электромобильдер, педальды автомобиль, самокаттар, картингтер, пейнтбол, автодромдар, гироскутерлердің барлық түрлері және т. б.) жалға беруге тыйым салу;

3.31. қалалық жағажайлардың, аквапарктердің, океанариумның жұмысына тыйым салу;

3.32. ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ форумдарды, конференцияларды, семинарларды, жиналыстарды, тыңдауларды және т. б. өткізуге тыйым салу.

4. Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаментіне осы қаулы талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Нұр-Сұлтан қаласының ішкі саясат басқармасына:

5.1. бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде қабылданатын шаралар туралы ақпараттық сүйемелдеу жүргізуді қамтамасыз етуге бағытталған қабылданатын шешімдердің маңыздылығы мен өмірлік қажеттілігін түсіндіру;

5.2. осы қаулы барлық мүдделі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілерінің және қала тұрғындарының назарына жеткізілсін.

6. Нұр-Сұлтан қаласы ТҚКҚБК департаментінің аудандық басқармалары Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаментімен және Нұр-Сұлтан қаласының аудандық әкімдіктерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, осы қаулының орындалуына күшейтілген бақылауды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулыда көрсетілмеген қызмет түрлері өз қызметін Нұр-Сұлтан қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 229 қаулысына сәйкес жалғастырады.

8. Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындалуы үшін міндетті.

9. Осы қаулы 2020 жылдың 31 тамызынан бастап күшіне енеді.

ТАҒЫЛЫМДЫ ДӘРІСТЕР ОҚЫЛДЫ

«Рухани қоғам әлемі» қоғамдық қоры карантин шектеулері кезінде әлеуметті сабырлыққа шақыратын, күнделікті өмірде пайдалы болатын «Отбасы құндылықтарын нығайту және гендерлік мәдениетті қалыптастыру» жоба аясында оқу семинар-курстарын ұйымдастырды.



Қазақ және орыс тілінде жүргізілген екі күндік оқу курсының алғашқы спикері тәжірибелі социолог, философ, қазіргі таңда «Тұран» колледжінің гуманитарлық пәндер оқытушысы Айман Мейіровна Рүстембекова қоғамдық жұмыспен де айналысады. Ол жетекшілік ететін «Ареал» қоғамдық бірлестігі жасөспірімдер мен жастардың мүддесін көздейтін жұмыстар жүргізеді. Спикердің

бұл жолы «Проблемы и перспективы ранней профориентации детей» тақырыбын қозғады. Бірақ, дәл қазіргі жағдайда мамандық таңдау оны өзгерту тек жасөспірімдердің ғана емес, басқа да азаматтар үшін өзекті. Себебі елде жарияланған карантин 6 айдан бері көп тұрғынның ойын, өмірге көзқарасын да өзгертіп үлгерді. Кей мамандық иелері нарықта қажетсіз болып қалса, кейбіреуіне керісінше

сұраныс артты. Осы ретте болашақ жастардың қолында екенін ескеріп, олардың үлкен өмірге қадам жасалуына, қалауын тауып сұраныстағы мамандыққа ие болуына ең алдымен отбасы, ата-анасы жауапкершілікпен қарау керектігі айтылды. Оны қалай жасау керектігі туралы мысалдарымен де бөлісіп, әдістермен бөлісті.

Екінші спикер Сапархан Оразбек – көп

жылдардан бері Алаш қайраткерлері мен Абайды зерттеп жүрген маман, ақын, журналист. Ол – «Заманауи отбасындағы ұлттық тәрбие», «Әкенің рөлі» тақырыбында мағыналы баяндама жасады. Яғни, бүгінгі күнге бұрынғы ата-бабалар пайдаланған методиканы қалай енгізу, ескінің құнын жоғалтпай модернизациялау жолдарын ұсынды. Өз кезегінде Құнанбайдың Абайды тәрбиелеудегі

әдіс-тәсілдердің сырын да ашты. Тікелей эфирден тамашалап отырған инстаграм оқырманынан, сондай-ақ аудиториядағы қатысушылардан спикерге көп сұрақ қойылды. Оның басым бөлігі ата-ана алдындағы бала парызын өтеу міндетті, ол борышкер ме, шын мәнінде бала әке-шешеге қарыз ба деген секілді сұрақтар түсті. Осындай ойдың туу себеп-салдары еркіндікте. Бірақ, біздің ұлттық дүниетаным бұл нәрсеге қарсы екенін, әр адамда ата-анасы мен баласының алдында жауапкершіліктің болуы қажет. Онсыз ұлттың өз негізінен ажырайтындығы туралы да мысалдармен айтылды.

Іс-шараға ата-аналар комитетінің белсенді мүшелері Э.Мусина, А.Омарова, А.Битебаева қатысты. «Нұрорда» мектебі, №15 мектеп, №52 мектеп, ата-аналар комитеттерінің және Үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері қатысты.

Семинардың екінші күнінде де бала тәрбиесі тақырыбы кеңінен талқыланды. Әр адамның қоғамға бейімделуі, өз орнын табуы отбасындағы тәрбиеден бастау алады. Бұл бағытта спикер Бахыт

Бексаринова «Золотые ключи к сердцу ребенка» тақырыбында оқу семинар-курсын өткізді. Қатысушылар арасында бірнеше тест жүргізіп, ата-анасымен еріп келген 13-16 жастағы жасөспірімдерге де ерекше көңіл бөлінді. Қазіргі балалармен тіл табысудағы, оларды тәрбиелеу жолындағы әке-шешенің кемшін тұстарын атап, соған көзқарасты өзгертуге арналған психологиялық әдістермен бөлісті.

Семинар-курстар соңында «Рухани қоғам әлемі» қоғамдық қорының президенті, ҚР психологтар лигасының мүшесі, психолог Лимана Құттыбекқызы «Өмірдің негізгі құндылықтарына позитивті бейімделу, өзін-өзі тану, отбасы, бала» тақырыбында сөз алды. Спикердің пайымы бойынша адам өзін танымай, таппай өзге ортаға сіңісе алмайды. Яғни, бұл – отбасында болсын, ұжымда болсын болатын жағдай. Сондықтан өзгерісті тұлға өзінен бастауы керектігі және оны қалай тәжірибеде қолдану керектігі жөнінде белгілі психолог жан-жақты әңгімелеп берді.

**Фарида
КАРИМОВА**

№103-104 (4073) 3 қыркүйек 2020 жыл

ДӘРІГЕРГЕ АРНАЛҒАН КӨРМЕ

Елордадағы Ұлттық музейде медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Батпеневті еске алуға арналған көрме өтті.



Көрмеге білікті дәрігердің өзі тұтынған 60-тан аса бұйымдары қойылды. Олардың ішінде наградалар, фото-суреттер мен басқа да естелік заттар бар. Сондай-ақ Нұрлан Жұмағұлұлының еңбек жолы, өнегелі өмірі туралы кеңінен мағлұмат берілген. Көрме барысында абзал азаматты жақын білетін әріптестері мен достары ол туралы сағыныш мұңы ескен естеліктер айтып, тағылымды әңгіме өрбітті. Нұрлан Батпенев 1949 жылы

Ақмола облысының Балкашино ауылында дүниеге келген. Целиноград мемлекеттік медицина институтында оқып, еңбек жолын Целиноград облыстық клиникалық ауруханасының травматологиялық-ортопедиялық бөлімінде дәрігер-ординатор болып бастаған. Әр жылдары Целиноград мемлекеттік медицина институтының травматология және ортопедия кафедрасының ассистенті, Ақмола медалакадемиясының экономикалық мәселелер жөніндегі

проректоры, қалпына келтіру травматология, ортопедия кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеді. 2001 жылдан бастап ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін атқарды. Ол – бар ғұмырын медицина саласына арнап, саланың дамуына зор үлес қосқан қайраткер. Быылғы шілде айында 71 жасында мезгілсіз дүниеден озды.

© Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ

АҚЫНҒА АРНАЛҒАН МҮШӘЙРА

Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған Республикалық мүшәйраның Нұр-Сұлтан қалалық кезеңі өткізіледі

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен республикалық жас ақындар конкурсы өтеді.

«Педагогикалық ғылымдар академиясы» ҚБ ұйымдастырған бұл мүшәйраға 16-29 аралығындағы жас ақындар, жазушылар, журналистер және басқа да еліміздің жастары бағын сынай алады. Қатысушылар байқаудың ережесіне сәйкес ұлы ақынның шығармашылығын насихаттайтын екі туындысын жолдауы тиіс. 2 өлең (ақындар үшін) 2 шағын проза (жазушылар үшін). Шығармалар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады. Байқауға қатысу үшін жұмыстарды баспа немесе электронды түрде ұсынып, конкурс ережесіне сәйкес өтінім беруі қажет.

«Педагогикалық ғылымдар академиясы» ҚБ ұсынысымен Нұр-Сұлтан қаласы бойынша қалалық ұйымдастырушылар тарапынан ақпараттық насихат жұмыстары жүргізілуде. Ұсынылған мәліметтер негізінде қалалық газетке оқырмандар назарына конкурс жөнінде ақпарат беріліп отыр.

Байқау іріктеу және қорытынды кезеңдерінен тұрады. Әуелі іріктеу кезеңі 14 облыста және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 10 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өтеді. Осы кезеңде жүлделі орынға ие болған 3 жеңімпазға 1-20 қазан аралығында өткізілетін қорытынды кезеңге жолдама беріледі.

Байқау жұмыстарын бағалау үшін ұйымдастырушылар

қазылар алқасын бекітеді. Филологтар, абайтанушы, ақындар, жазушылар, мәдениет қайраткерлері мен журналистер арасынан іріктеу кезеңінде 3 адамнан, қорытынды кезеңде 5 адамнан тұратын қазылар алқасы құрылады.

Жас таланттарға зор мүмкіндік беріп отырған байқаудың жалпы жүлде қоры бір миллион бір жүз мың теңгені құрайды. Жекелей жүлде қоры төменгідей:

- бас жүлде – 500 мың теңге.
- 1 орын – 300 мың теңге.
- 2 орын – 200 мың тт.
- 3 орын – 100 мың тт.

Байқау онлайн жағдайында өткізіліп, қаржы үнемделген жағдайда жүлде қоры ұлғаюы мүмкін екенін ескерте кетеміз!

Республикалық конкурсқа қатысушылар туралы биографиялық мәліметтер арнайы жинақпен бірге дайындалып жарық көреді. Және байқаудың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында республикалық қорытынды кезең таспаға толығымен түсірілетін болады. Ал жас дарындардың шығармашылығын бағалауда шығарма идеясы, тілдік сауаттылығы, әдеби тілінің, тақырыпты кеңінен аша білуі мен өзекті мәселерді көтере білуі басты назарға алынады. Конкурстың Нұр-Сұлтан қалалық кезеңі ұйымдастырушылар тарапынан ақпараттандыру жұмыстары мен талантты жастарды байқауға тарту жұмыстары жүргізілуде. Қатысуға өтінім берушілер ұйымдастырушыларға 87788789683 байланыс телефоны бойынша тіркеліп, Abai175jil_nursultan@mail.ru электронды почтасына жұмыстарын жолдай алады.



ОЗЫҚ ӘДІСТЕР ОРТАҒА САЛЫНДЫ

Жуырда Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы онлайн режимде «Тәжірибе алаңы: тіл, әдістеме, нәтиже» тақырыбында тілді екінші тіл ретінде оқыту мәселесіне арналған халықаралық әдістемелік семинар өткізді.

Семинарда қазақстандық және шетелдік жетекші ғалым-әдіскерлер мен білікті оқытушылардың тілдерді оқытуда өз тәжірибелерінде қолданатын инновациялық технологиялары мен әдістері қатысушылар назарына ұсынылып, тиімділігі ескерілді. Халықаралық тәжірибедегі тілдерді ана тілі және екінші шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің алуан тәсілдері көрсетілді.

Онлайн семинарға еліміздегі облыстық Тілдерді дамыту

басқармасы және Тілдерді оқыту орталықтарының басшылары, ғалымдар, әдіскерлер мен оқытушылар, барлығы 300-ден астам тіл мамандары қатысуға ниет білдірген. Семинар тренинг, шеберлік-сыныптар түрінде өткізілді.

Үш күндік семинарда Ұлыбританиядағы «Unicorn Language School» мектебінің директоры, ағылшын тілінің оқытушысы Сим Роберт, Түркиядағы Гази университеті «Төме» тілді үйрету орталығының директоры, профессор

Незир Темур, Мәскеу қаласының Инновациялық-коммуникативтік лингвистика орталығының директоры, полиглот, синхронды аудармашы Дмитрий Юрьевич Петров, Башқұрт мемлекеттік университетінің оқытушысы, әдіскер-маман Римма Флоровна Мингазетдинова, сондай-ақ Алматы қаласындағы Сүлейман Демирел атындағы университет, Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебі әдіскерлері өз тәжірибелерімен бөлісті.

ФОТОЭТЮД



Александр КУПРИЧЕНКО

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 19.08.2020 №205-1718

«Астана қаласының әкімшілік шекараларындағы өзендерде су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 5 тамыздағы № 3-1-1587қ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексі 116-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, «Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы №19-1/446 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының әкімшілік шекараларындағы өзендерде су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 5 тамыздағы № 3-1-1587қ қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 345 болып тіркелген, 2004 жылғы 16 қыркүйектегі «Астана ақшамы», 2004 жылғы 7 қыркүйектегі «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

дердегі су қорғау аймақтарының картографиялық материалдарға түсірілуін;

2) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.К. Солтамбековқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім А. Кульгинов

КЕЛІСІЛДІ
«Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысы Н. Ұранхаев «...» 2020 жыл

КЕЛІСІЛДІ
«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстары пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі басшысы Д. Бекмағамбетов «...» 2020 жыл

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық акті 24.08.2020 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №2-1-1284 болып енгізілді

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «19» тамыздағы №205-1718 қаулысына қосымша

Нұр-Сұлтан қаласының әкімшілік шекараларында орналасқан Есіл өзенінің жекелеген учаскелері және осы учаскелер үшін су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ең аз ені

Р/с №	Су объектісі (өзен учаскесінің координаттары және су қорғау аймағы мен белдеуінің координаттары)	Су қорғау аймағының ені, м	Су қорғау белдеуінің ені, м
1.	Есіл өзені (өзен учаскесі x=-3022,1; y=-1444,8; x=-2998,9; y=-1690,9; су қорғау белдеуі x=-3033,6; y=-1695,9; x=-3059,9; y=-1448,1; су қорғау аймағы x=-3387,2; y=-1567,4; x=-3408,9; y=-1665,1)	381,6	35
2.	Есіл өзенінің ескі арнасы (өзен учаскесі x=-3506,1; y=-1817,8; x=-3375,8; y=-1803,2; су қорғау белдеуі x=-3519,9; y=-1781,9; x=-3380,5; y=-1768,5; су қорғау аймағы x=-3497,1; y=-1645,4; x=-3408,9; y=-1665,1)	160,05	35
3.	Есіл өзенінің ескі арнасы (өзен учаскесі x=-3578,5; y=-1570,8; x=-3580,1; y=-1659,8; су қорғау белдеуі x=-3545,7; y=-1666,4; x=-3543,6; y=-1571,1; су қорғау аймағы x=-3475,4; y=-1547,8; x=-3497,1; y=-1645,4)	84,78	35
4.	Есіл өзені (өзен учаскесі x=-3468,4; y=-656,1; x=-3353,2; y=-663,7; су қорғау белдеуі x=-3472,9; y=-690,9; x=-3347,8; y=-698,5; су қорғау аймағы x=-3550,4; y=-1126,4; x=-3448,2; y=-1149,2)	477,37	35

5.	Есіл өзенінің ескі арнасы (өзен учаскесі x=-3681,3; y=-1137,7; x=-3610,7; y=-1090,1; су қорғау белдеуі x=-3656,5; y=-1176,2; x=-3580,7; y=-1108,1; су қорғау аймағы x=-3550,4; y=-1126,4; x=-3567,2; y=-1202,1)	70,42	35
6.	Есіл өзені (өзен учаскесі x=-3049,6; y=-1229,9; x=-3067,6; y=-1273,5; су қорғау белдеуі x=-3102,6; y=-1271,7; x=-3077,8; y=-1209,2; су қорғау аймағы x=-3448,2; y=-1149,2; x=-3455,5; y=-1180,6)	398	35
7.	Есіл өзенінің ескі арнасы (өзен учаскесі x=-3627,8; y=-1438,7; x=-3597,9; y=-1472,9; су қорғау белдеуі x=-3599,7; y=-1417,8; x=-3567,9; y=-1454,9; су қорғау аймағы x=-3567,2; y=-1202,1; x=-3455,5; y=-1180,6)	244,39	35

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 01.09.2020 №510-1783

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1054 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы 5.4.4-бөліміне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласының бас жоспарына сәйкес тұрғын үй қорын реновациялау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Елорда даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес іздестіру және «Паркингі және жапсарластыра салынған орын-жайлары бар көп пәтерлі тұрғын кешені» объектін жобалау жұмыстарын жүргізу үшін берілген, Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Қарасай батыр, Қарталы көшелері және Шынтас орамасы қиылысы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы учаске 3 - 0,1956 га жер учаскесі 2020 жылғы 5 қазаннан бастап 2021 жылғы 5 қазанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып

алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иесіне мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесі және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иесі алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алдан сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «01» қыркүйектегі № 510-1783 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (га)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (га)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
	21-319-057-1134	Егизбаев Қелжетаг Егизбаевич	0,0030	0,0030	Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Қарасай батыр көшесі, (№ 1 үйінің ауданы), № 1 жеке сарай	Шаруашылық құрылысы пайдалану (сарай)	Жеке меншік

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 01.09.2020 №510-1783

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес іздестіру және нөсерлік кәріз тазарту құрылыстарын жобалау жұмыстарын жүргізу үшін берілген, Нұр-Сұлтан

№103-104 (4073) 3 қыркүйек 2020 жыл

қаласы, «Алматы» ауданы, Тәуелсіздік даңғылынан шығысқа қарай, А43 (жобалық атауы) көше мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 3,0219 га жер учаскелері 2020 жылғы 10 қарашадан бастап 2021 жылғы 10 қарашаға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнгізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушы алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнгізбелік күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі **А. Көлгінов**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «01» қыркүйектегі № 510-1785 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (га)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (га)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1.	21-318-087-484	Кравцов Егор Борисович	0,0780	0,0780	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Гарнизон» б.с., №6 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
2.	21-318-087-705	Гринева Светлана Федоровна	0,0700	0,0700	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Облсвязь № 10» б.с., Вишнева көшесі, № 4 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
3.	21-318-087-037	Копцова Галина Семеновна	0,0820	0,0820	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Гарнизон» б.с., Вишнева көшесі, № 8 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
4.	21-318-087-640	Ибраев Серик Ескендрович	0,0640	0,0185	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Облсвязь № 10» б.с., № 28 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
5.	21-318-087-630	Горещкая Нина Петровна	0,0650	0,0650	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Связист» б.с.	Бағбандық	Жеке меншік
6.	21-318-087-099	Свобода Дмитрий Федорович	0,0610	0,0610	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Облсвязь № 10» б.с., Малиновая көшесі, №24 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
7.	21-318-087-599	Добровольский Евгений Сергеевич	0,0820	0,0820	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Облсвязь № 10» б.с., № 6 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
8.	21-318-087-628	Локшина Галина Викторовна	0,0750	0,0750	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Облсвязь № 10» б.с., Малиновая көшесі, № 15 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
9.	21-318-087-485	Абишева Кадиша	0,0806	0,0806	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Гарнизон-46» б.с., Вишнева көшесі, № 9 учаске	Бағбандық	31.07.2012ж. дейін жалға алу
10.	21-318-087-601	Горшенина Ольга Николаевна	0,0620	0,0620	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Облсвязь № 10» б.с., Вишнева көшесі, № 8 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
11.	21-318-087-137	Костюк Владимир Александрович	0,0820	0,0377	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Гарнизон» б.с., №31 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
12.	21-318-087-012	Горшенина Ольга Николаевна	0,0790	0,0790	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Гарнизон-46» б.с., Вишнева көшесі, № 7 учаске	Бағбандық	Жеке меншік

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 01.09.2020 №510-1793

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.
2. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Әкім **А. Көлгінов**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «01» қыркүйектегі № 510-1793 қаулысына қосымша

Өзгерістер енгізілетін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізімі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 510-864 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:
«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:
реттік нөмірі 23-жолдағы «Бороздина Ирина Владимировна» деген сөздер «Бороздин Владимир Алексеевич» деген сөздермен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 109-жолдағы «Игнатьева Галина Петровна» деген сөздер «Баетова Оксана Владимировна» деген сөздермен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 125-жолдағы «Храмова Людмила Павловна» деген сөздер «Коновалова Ольга Борисовна, Садыкова Инна Анатольевна» деген сөздермен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 152-жолдағы «Бейсекеева Сағат Карбаевна» деген сөздер «Кушугулов Габдулла Алимгазиевич» деген сөздермен ауыстырылсын;
«Құқық» деген бағанда:
реттік нөмірі 42-жолдағы «Жалға алу» деген сөздер «Жеке меншік» деген сөздермен ауыстырылсын;
«Жер учаскесінің орналасқан орны» деген бағанда:
реттік нөмірі 98-жолдағы «353/1» деген сандар «653» деген сандармен ауыстырылсын.
2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 15 ақпандағы № 197-314 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
реттік нөмірі 1-тармағындағы «2017 жылдың 20 мамырынан бастап 2018 жылдың 20 мамырына дейін» деген сөздер мен сандар «2020 жылдың 8 желтоқсанынан бастап 2021 жылдың 8 маусымына дейін» деген сөздермен және сандармен ауыстырылсын;
3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 11 маусымдағы № 510-1100 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:
«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:
реттік нөмірі 514-жолдағы «Николай» деген сөз «Григорий» деген сөзбен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 962-жолы «Горст Давид Владимирович» деген сөздермен толықтырылсын;
реттік нөмірі 365-жолдағы «Шлехт» деген сөз «Карпенко» деген сөзбен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 580-жолдағы «Карпов Сергей Львович, Шульгина Мария Гавриловна» деген сөздер «Кольб Надежда Федоровна» деген сөздермен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 261-жолдағы «Коринчак Петр Александрович» деген сөздер «Коринчак Оксана Петровна» деген сөздермен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 70-жолдағы «Картушинская Раиса Николаевна» деген сөздер «Юшин Сергей Николаевич» деген сөздермен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 552-жолдағы «Бегалинова» деген сөз «Рисбаева» деген сөзбен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 682-жолы «Лузгин Александр Дмитриевич, Лузгин Сергей Дмитриевич, Лузгина Светлана Константиновна» деген сөздермен толықтырылсын;
«Жер учаскесінің орналасқан орны» деген бағанда:
реттік нөмірі 220-жолдағы «665» деген сандар «113» деген сандармен ауыстырылсын.
реттік нөмірі 947-жолдағы «1378» деген сандар «611» деген сандармен ауыстырылсын.
4. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 16 шілдедегі № 510-1299 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
«Жер учаскесінің орналасқан орны» деген бағанда:
реттік нөмірі 42-жолдағы «88» деген сандар «39» деген сандармен ауыстырылсын.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 26.08.2020 №526/71-VI

Қалалық мәслихат депутатының өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы

Нұр-Сұлтан қаласының қалалық сайлау комиссиясының ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 20-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**
Нұр-Сұлтан қаласының № 6 сайлау округінің депутаты Күрішбаев Ахылбек Қажығұлұлының өкілеттері мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы **З. Жүсіпова**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. **М. Шайдаров**

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 26.08.2020 №528/71-VI

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жер комиссиясының құрамы туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**
Нұр-Сұлтан қаласының 2019 жылдың 23 тамыздағы №424/54-VI «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жер комиссиясының құрамы туралы»

шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:
жоғарыда көрсетілген шешімге 1-қосымша осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы **З. Жүсіпова**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. **М. Шайдаров**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №424/54-VI шешіміне 1-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 26 тамыздағы №528/71-V шешіміне қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Жер комиссиясының құрамы

Нұркенов Нұрлан Жаңбыршыұлы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары, төраға

Кәсіпкерлер палатасының директоры (келісім бойынша)

Абаев Анзор Мициевич – «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі жер комиссиясы жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы, хатшы

Жүсіпова Зәуре Ғинаяқызы – Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты

Абақанов Елдос Нұрболұлы – Нұр-Сұлтан қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі (келісім бойынша)

Қуанышбаев Рустем Әскербекұлы – «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы басқарма төрағасы (келісім бойынша)

Ахметов Бахытжан Жумадиярович – «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі Су қорын мемлекеттік бақылау және қорғау бөлімінің басшысы (келісім бойынша)

Молдағалиев Айдын Құмарқанұлы – «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары

Ұранхаев Нұрлан Телманұлы – «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы

Жүнісов Алматы Асқарұлы – Нұр-Сұлтан қаласы

Шибкенов Зейнулла Рахымұлы – Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

«Астана қаласының тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының шекараларын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 26 қарашадағы № 404/53-IV шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңы 46-бабының 2-тармағы 4-тармақшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

«Вечерняя Астана» газеттерінің 2010 жылғы 16 желтоқсанда шыққан 139 және 146 нөмірлерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын. 2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

1. «Астана қаласының тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының шекараларын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 26 қарашадағы № 404/53-IV шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 13 желтоқсанда № 658 болып тіркелген, «Астана ақшамы» және

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы М. Шайдаров

ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Туберкулез – дүние жүзінде ең кең таралған жұқпалы ауру. Жыл сайын Жер шарындағы тұрғындардың 1%-на ауру қоздырғышы - туберкулез микобактериясы жұғады және де әлем халқының 1/3-де туберкулездің латентті түрі бар. Латентті туберкулез дегеніміз – ауру қоздырғышы жұққан, алайда адамда аурудың ешқандай белгілері болмайтын және тексеру кезінде ағзаларында туберкулезге тән өзгерістер анықталмайтын жағдай. Туберкулез микобактериясы жұққандардың ішінен иммунитеті төмендеген 5-10% ғана туберкулез ауруына шалдығады.

мүмкін. Осы себептен қақырықты да көрінген жерге түкірмеген жөн. Беталды қақырына беру сияқты жаман әдеттен құтылған дұрыс. Қоғамдық жерлерде айналадағы адамдарға ауа арқылы таралатын ауруларды жұқтыру қаупін азайту мақсатында жөтелі бар адамдар медициналық беттерде тағып жүргені абзал.

Туберкулез ауруының дамуына себепші болатын жағдайлар - дұрыс тамақтанбау, жиі салқын тиіп ауыру, стресс, наркомания, маскүнемдік, жүре біткен иммундық тапшылық (ВИЧ), созылмалы аурулар және т. б. Себебі бұл жағдайлар адам ағзасының қорғаныс күштерін әлсіретіп, кез келген ауруға қарсы тұру қабілетін төмендетеді. Туберкулез тұқым қуаламайды.

Туберкулездің алдын алуға бағытталған арнайы шаралардың бірі - балаларға БЦЖ вакцинасын егу. Нәресте дүниеге келгенде туберкулезге қарсы иммунитеті, қорғанысы болмайды, сондықтан да туберкулездің алдын алу шаралары перзентханада БЦЖ вакцинасын егуден басталады. Туберкулезге қарсы егілетін БЦЖ вакцинасы арнайы жасанды қоректі ортада өсірілген, ірі қара малда (сыйырда) кездесетін туберкулез микобактерияларының әлсіз, тірі түрінен тұрады. Ол вакцина туберкулез ауруын тудырмайды, керісінше, БЦЖ вакцинасын егу арқылы бала ағзасында иммунитет, яғни туберкулезден қорғау қасиеті қалыптасады және балаларда туберкулездің өте ауыр түрлері менингит пен «жайылған» миалар туберкулездің дамуына кедергі жасайды. Вакцина егуден бастарту туралы шешім қабылдай отырып, ата-ана өз баласының денсаулығына қауіп төндірмеді. Балаңыздың дені сау болуына мүмкіндік беріңіз! Денсаулық балалық шақтан басталады!

Туберкулез микобактериясын өкпе туберкулезіне шалдыққан науқастар таратады. Науқас адам жөтелгенде, сөйлегенде, түшкіргенде сыртқы ортаға көзге көрінбейтін майда тамшыларымен бірге ауру қоздырғышы бөлініп шығып, айналасындағы адамдардың ағзасына тыныс алу жолдары арқылы енеді. Туберкулездің «ашық» түрімен ауыратын, яғни туберкулез микобактериясын сыртқа бөлетін науқас жылына орташа есеппен 10-15 адамға ауру қоздырғышын жұқтыруы мүмкін. Сондықтан да туберкулездің алдын алу үшін негізгі жолдарының бірі - ауруға шалдыққан адамды уақытылы анықтап, емдеу. Сонда оның айналасындағы басқа адамдарға ауруды жұқтыру қаупі азаяды. Туберкулезді дер кезінде анықтаудың негізгі қағидасы - аурудың қандай да бір белгілері болса, жедел түрде дәрігерге көрініп, дәрігер тағайындаған барлық тексеруден тиянақты өту. Егер сіз туберкулезге шалдыққан науқаспен қарым-қатынаста болсаңыз, ол туралы тексеру барысында дәрігерге ескерту керек.

Өкінішке орай, БЦЖ екпесі туберкулезден 100% қорғай алмайды, вакцина жасалған балалар да туберкулезге шалдығады. Алайда туберкулезге қарсы иммунитетті жақсы қалыптасқан балалар туберкулез жұқтырған жағдайда аурудың жеңіл түрімен ауырады және оны емдеу жазу да жеңіл.

Туберкулездің алдын алу шараларының негізгі бағыттарының бірі - ағзаны сауықтыру және шынықтыру, тазалық сақтау, бөлмелерді жиі желдету. Бүгінгі таңда туберкулезбен күресу мәселесі еліміздегі денсаулық сақтау жүйесіндегі алдыңғы қатарлы бағыттардың бірі болып келеді, елімізде туберкулезді анықтау үшін қолданылатын барлық заманауи әдістер, емдеу үшін барлық дәрілер қолжетімді. Ең бастысы - дәрігердің көмегіне уақытылы жүгініп, ауру анықталған жағдайда толық ем курсын үзбей қабылдау. Сонда ғана сіз өзіңіздің де, жақындарыңыздың да өміріне қауіп төндірмейсіз.

Туберкулез туралы санитарлық сауаттылығы жетілген халық қана елімізде сау ұрпақ өсіріп, олардың ұзақ ғұмыр кешу көрсеткішін жақсарта алады.

«Туберкулезге қарсы қазақстандық желі» ЗТБ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №102(4071) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains rows 1783-1791.

Table with columns: ID, MAHA-NOVA, RAISA, MURATOVNA, 01.04.2009, Memleketтік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар.

Table with columns: ID, DAURBAEVA, ZHAN-GUL, 03.04.2009, Memleketтік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар.

(Жалғасы бар)

Қалалық және Есіл аудандық ардагерлер Кеңестері Ұлы Отан соғысының ардагері Тәбешов Барлыбай Тәбешұлының қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ЕЛОРДАДАН ЖИДЕБАЙҒА АТТАНДЫ

Кеше елордалықтар Абайдың 175 жылдығына арналған «Нұр-Сұлтан – Жидебай» веложорығына қатысушыларды шығарып салды.



Бас қаланың төріндегі Абай ескерткіші жанынан жолға шыққан азаматтарға жиналған жұртшылық сәттілік тілеп, шығарып салды. Веложорыққа белгілі журналист, ағылшын тілінің оқытушысы Ернат Мәлсұлы, Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері Жасұлан Үкеев және әріптесіміз, «Астана ақшамы» газетінің тілшісі Дәулетқали Асауов аттанып кетті. Велосабандоздар Жидебайға дейін 1000 шақырымдық жол жүріп өтетін болады. Ұлы ақынның рухына арналған веложорыққа қатысушыларды сәттілік тілеп, шығарып салдық.

МЕРЕКЕДЕ МЕРЕЙІ ТАСЫДЫ

Конституцияның 25 жылдығына орай өткен онлайн жүгіру және веложүгіру жарысына 200-ден аса әуесқой және кәсіби спортшы қатысты. Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастырған онлайн жарыстар елорданың саябақтарында өтті.

Үш күн қатарынан өткізілген жарысқа жастармен бірге ардагер жасындағы азаматтар да қатысты.

Орталық қалалық саябақта өткен ардагерлер, яғни 40 жастан асқандар арасындағы жарысқа қатысушылар 5 шақырымға жүгірді. Бұл жарыста Қайрат Қоянбаев бірінші орынға ие болса, Серік Сағымбаев пен Рашид Есхожин екінші және үшінші орыннан көрінді.

Ал 10 шақырымға жүгірген әйелдер арасында Ольга Вернер белгілі қашықтықты 48 минутта жүгіріп өтіп, жеңімпаз атанса, Кристина Окладникова екінші, Гүлназ Жукенова үшінші орынға ие болды.

Ер-азаматтар да 10 шақырымға жүгірді. Бұл сында Асқар Жаңабергенов 35 минут 29 секунд көрсеткішпен жеңімпаз

болып танылды. Ерсұлтан Тұрсынбай екінші, Русланбек Сарсенбаев қола жүлдегер атанды.

Веложарыстың ерлер сайысында (25 шақырым) Сергей Ершов алдына жан салмаса, Азамат Ескермесов – екінші, Александр Осмак үшінші орынға ие болды. Әйелдер бәсекесінде Яна Хан жеңімпаз атанса, Мәдина Жанбусинова мен Сәуле Амангелдина жүлдегерлер қатарынан көрінді. Ал ардагерлер жарысында Қайрат Қоянбаев пен Өміргүл Жухан – бірінші, Серік Сағымбаев пен Күләнда Ахметова – екінші, Бақытжан Бектенов пен Раушан Нұрқатова үшінші орыннан көріне білді.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне диплом, медаль және бағалы сыйлықтар табысталды. Ұйымдастырушылар

алқасының шешімімен басқа да белсенді қатысушыларға сыйлықтар берілді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді № 6 Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резервтің спорт мектебінің директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Мерей Ақшалов, Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға мамандандырылған Балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Нұржан Аубакиров, Street Workout мектебінің негізін қалаушы Айтым Жакупов және ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Диас Кабдуов пен бокстан жастар арасында Олимпиада чемпионы Айбек Оралбай мен бокстан жастар арасында әлем чемпионы Нұрбек Оралбай құттықтап, салтанатты жағдайда жүлделерін табыс етті.

© Бетті дайындаған Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

ОНЛАЙН ЖАРЫСҚА ҚАТЫСЫҢЫЗ

Елордада 5 және 6 қыркүйекте жүгіруден онлайн-жарыс өтеді

Қатысушылар стартты өздеріне ыңғайлы кез келген уақытта бастауына болады, қатысушының деректері онлайн режимде жазылады.

#НұрСұлтанпаркchallenge2020 шақырымдық онлайн жүгіруге елорданың тұрғындары мен қонақтары, сондай-ақ басқа қалалардың спортшылары мен әуесқойлары қатыса алады. Негізгі жарыстар 5 және 6 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласының Орталық саябағында, шаңғы-роллерлік трассада өтеді. Сонымен қатар онлайн-жарыстар қаланың басқа жерлерінде де ұйымдастырылуы мүмкін.

«Басқа қалада болсаңыз да тіркеліп, арақашықтықты сақтап, бізбен бірге жүгіріңіз! Барлық тіркелген жүгірушілерге орналасқан жеріне қарамастан жүгіруге қатысуға мүмкіндік беріледі» делінген хабарламада.

5 км-де #НұрСұлтанпаркChallenge2020 қатысушысы болу үшін s10.run/tilda/ сілтемесі арқылы «ҚАЗІР ТІРКЕЛУ» батырмасын басып, тіркелуге болады.



«БАРЫСТА» БИЫЛ КІМДЕР ОЙНАЙДЫ?

Бүгін «Барыс» хоккей командасы КХЛ чемпионатын бастайды. Елордалық хоккейшілер Ригада жергілікті «Динамо» клубымен кездеседі. Матч елорда уақытымен сағат 20.00-де басталады.

Кеше «Барыс» клубының басшылығы жаңа маусымда команда сапында ойнайтын хоккейшілердің есімін жариялады.

Қақпашылар: Хенрик Карлссон, Денис Каратаев, Йони Ортио.

Қорғаушылар: Джесси Блэкер, Тамирлан Гайтамиров, Даррен Диц, Иван Комаровский, Алексей Маклюков, Леонид Метальников, Валерий Орехов, Виктор Сведберг, Кирилл Полохов, Егор

Шалапов.

Шабуылшылар: Әлихан Әсетов, Павел Акользин, Линус Видель, Кёртис Волк, Дмитрий Гурков, Якоб Лилья, Никита Михайлис, Максим Мусоров, Кирилл Панюков, Егор Петухов, Антон Сагадеев, Роман Старченко, Мэтт Фрэттин, Дмитрий Шевченко, Аркадий Шестаков.

«Барыс» командасының бас жаттықтырушысы – Юрий Михайлис.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор — **ЖАРҚЫН ЖҰМАДІЛОВ**

Бас редактор – **ЕРКІН ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **ҒАЛЫМ ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Апталық таралымы — 15 000

Тапсырыс №103-104

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

📞 Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

✉ astana.akshamy@mail.ru